Қазақтардың **Жанқожа Нұрмұхамедұлының** басшылығымен отарлық езгіге қарсы **ұлт-азаттық көтерілісіне 170 жыл** (1856)

Қазақтың халық ақыны **Әріп (Мұхамедғәріп) Тәніпбергенұлы** туғанына **170 жыл** (1856–1924)

Ақын, ағартушы, Абайдың шәкірті **Көкбай Жанатайұлы** туғанына **165 жыл** (1861–1925)

Ақын, әнші, актер **Берікбол Көпенұлы (Ағашаяк)** туғанына **165 жыл** (1861–1932)

Этнограф, фольклоршы, қазақтардың тарихы, мәдениеті мен тұрмысын зерттеуші **Александр Евимович Алекторовтың** туғанына **165 жыл** (1861-1918)

Ақын, қоғам қайраткері, Абай Құнанбаевтың үлкен ұлы **Ақылбай Абайұлы Құнанбаевтың** туғанына 165 жыл (1861 - 1904)

Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері **Әлихан Бөкейханов** туғанына **160 жыл** (1866–1937)

Тарихшы, этнограф, публицист, ақын, Орал жазушысы **Ахиллес Бонифантьевич Карповтың** туғанына **160 жыл** (1866-1911)

Орал қаласында мемлекеттік банктің бөлімшесінің ашылғанына **150 жыл** (1876)

Әнші, сазгер **Әубәкір Ақылбайұлына** 145 жыл (1881-1934)

Федор Иванович Шаляпиннің Орал қаласына барғанына **135 жыл** (1891)

Ағартушы, ғалым-энциклопедист, географ, этнограф, биолог, «Алаш» қозғалысының белсенді мүшесі **Жұмахан Кудериннің** туғанына **135 жыл** (1891-1938)

Жазушы, ақын, драматург **Мәжит Боранбайұлы Дәулетбаевтың** туғанына **130 жыл** (1896-1938)

Ақын **Таубай Кирабаевтың** туғанына **130 жыл** (1896-1967)

Мемлекет және қоғам қайраткері, публицист **Абдолла Абдурахманұлы Асылбеков** **130 жыл** (1896-1937)

«**Бөкейордасы мектеп альбомдары**» кітабы шыққанына **130 жыл** (1896)

Карев үйінің салынғанына **125 жыл** (1901)

Жазушы **Сейділдә Төлешов** туғанына **120 жыл** (1906-1955)

Ақын **Рахметолла Тоқтарбаев** туғанына **120 жыл** (1906-1955)

Ғалым, әдебиеттанушы **Есмағамбет Исмаиловтың** туғанына **115 жыл** (1911-1966)

Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжінің ашылғанына **110 жыл** (1916)

«**Еңбекші қазақ**» газетінің шыққанына **105 жыл** (1921)

Орал қаласында **автокөлік өндірістік бірлестігі** құрылғанына **105 жыл** (1921)

Орал қаласында **почтамт мекемесі** жұмыс жасағанына **105 жыл** (1921)

Орал қаласында азаматтық хал актілерін жазба бөлімі (**АХАЖ / ЗАГС**) құрылғанына **105 жыл** (1921)

Ақсай қаласының іргетасы қаланғанына **90 жыл** (1936)

Орал **авиа спорт клубының** құрылғанына **90 жыл** (1936)

«**Ивушка**» санаторийдің ашылғанына **90 жыл** (1936)

Орал-Илецк темір жолының ашылғанына **90 жыл** (1936)

Жәнібек ауданының кітапханасының ашылғанына **90 жыл** (1936)

Азамат соғысының батыры **В.И. Чапаев** құрметіне Чапаев ауылында **Чапаев Мемориалдық мұражай** ашылғанына **85 жыл** (1941)

Айманов атындағы «**Қазақфильм**» АҚ **85 жыл** (1941)

«**Орал авто жөндеу зауыты**» АҚ құрылғанына **85 жыл** (1941)

Орал «**Зенит**» зауыты ААҚ-ның құрылғанына **85 жыл** (1941)

Біріккен Ұлттар Ұйымы білім, ғылым және мәдениет ұйымы-
ЮНЕСКО-ның құрылғанына 80 жыл (1946)

Тарихшы **В.Ф. Шахматовтың «Бөкейордасы және Исатай Тайманұлының көтерілісі»** монографиясының жарық көргеніне
80 жыл (1946)

Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры (**ЮНИСЕФ**) **80 жыл (1946)**

Орал қаласында **Батыс Қазақстан облыстық психикалық денсаулық орталығының** ашылғанына **70 жыл (1956)**

Халықаралық **Андерсен сыйлығы («Андерсеннің алтын медалі»)** **65 жыл (1956)**

Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшқанына 65 жыл (1961)

А. Иманов атындағы №12 кәсіптік лицейінің ашылғанына **55 жыл (1971)** қазіргі атауы: БҚО ӘББ «А. Иманов атындағы жол-көлік колледжі» МКҚК)

Орал қаласындағы **№3 кәсіптік-техникалық мектебінің** ашылғанына **50 жыл (1976)** (қазіргі атауы: «Жоғары Техникалық Мектебі»)

Орал қаласындағы **облыстық ғылыми-техникалық кітапханасының** ашылғанына **50 жыл (1976)**

Орал қаласындағы **қалалық туристер клубының** ашылғанына **45 жыл (1981)**

Чернобыль АЭС апаты болғанына 40 жыл (1986)

«**Вайнах**»- шешен-ингуш мәдени-ағарту қоғамы құрылғанына **35 жыл (1991)**

«**Ақ әжелер әуені**» (Жаңақала ауданы) әжелер ансамблі құрылғанына **35 жыл (1991)**

Орал қаласындағы **коммерциялық-кәсіптік мектеп** ашылғанына **35 жыл (1991)**

Орал қаласындағы **С. Сейфуллин** атындағы жалпы білім беретін мектеп негізінде **мектеп-лицейінің** ашылғанына **35 жыл (1991)**

Чинарев мұнай-газ-конденсат кен орнының ашылғанына **35 жыл (1991)**

Орал қаласында **балалар мен жасөспірімдердің велосипед спорты мектебінің** ашылғанына **25 жыл (2001)**

«Уральская неделя» апталық қоғамдық газетінің шыға бастағанына **25 жыл (2001)**

ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ МЕРЕЙТОЙ КІТАПТАРЫ

- 760 жыл Махмұд Қашқари «Түркі тілдері сөздігі» (1266)
- 365 жыл Бахадурхан Абу-ль-гази «Оғыз-Наме» дастан (1661)
- 115 жыл Ахмет Байтұрсынов «Маса» өлеңдер (1911)
- 105 жыл Мұхтар Әуезов «Қорғансыздың күні» повесть (1921)
- 105 жыл Бейімбет Майлин «Қашқын келіншек», «Зайкүл»
поэмалар (1921)
- 95 жыл Тайыр Жароқов «Миллион толқын» өлең (1931)
- 95 жыл Сәбит Мұқанов «Адасқандар» роман (1931)
- 95 жыл Ілияс Жансүгіров «Кек» пьеса (1931)
- 90 жыл Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэма (1936)
- 85 жыл Ғабит Мүсірепов «Ақан сері – Ақтоты» поэма (1941)
- 85 жыл Иса Байзақов «Кавказ» поэма (1941)
- 85 жыл Ғабдол Сланов «Дөн асқан» роман (1941)
- 85 жыл Жамбыл Жабаев «Ленинградтық өренім» жыр (1941)
- 85 жыл Сәбит Мұқанов «Балуан Шолақ» повесть (1941)
- 85 жыл Ғабиден Мұстафин «Өмір не өлім» роман (1941)
- 75 жыл Қалқаман Әбдіқадыров «Қажымұқан» повесть (1951)
- 75 жыл Әбділда Тажибаев «Сүйген жүректер» өлеңдер (1951)

- 65 жыл Әбдіжамал Нұрпеісов «Қан мен тер» трилогия (1961)
- 65 жыл Ғабит Мүсірепов «Оянған өлке» повесть (1961)
- 65 жыл Олжас Сүлейменов «Аргамаки», «Земля, поклонись человеку» (1961)
- 65 жыл Жұбан Молдағалиев «Жесір тағдыры» поэма (1961)
- 65 жыл Мұхтар Әуезов «Өскен өркен» роман (1961)
- 65 жыл Асқар Тоқмағамбетов «Әке мен бала» (1961)
- 65 жыл Әди Шарипов «Партизан қызы» повесть (1961)
- 55 жыл Ілияс Есенберлин «Алмас қылыш» роман (1971)
- 55 жыл Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман (1971)
- 45 жыл Әбіш Кекілбаев «Үркер» роман (1981)
- 45 жыл Дихан Әбілев «Сұлтанмахмұт» поэма (1981)

ШЕТЕЛДІК ЖАЗУШЫЛАР МЕН АҚЫНДАРДЫҢ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КІТАПТАРЫ

705 жыл – А. Данте поэмасы «Божественная комедия» (1321)

555 жыл – Дж. Боккаччо новеллалар жинағы «Декамерон» (1471)

425 жыл – В. Шекспир трагедиясы «Гамлет, принц Датский»
(1601)

330 жыл – К. Истомин шығармасы «Домострой» (1696)

300 жыл – Дж. Свифт романы «Путешествия в некоторые
отдалённые страны света Лемюэля Гулливера, сначала хирурга, а
потом капитана нескольких кораблей» (1726)

245 жыл – Д. И. Фонвизин комедиясы «Недоросль» (1781)

235 жыл – Р. Э. Распэ әңгімесі «Приключения барона
Мюнхгаузена» (1791)

210 жыл – Э. Т. А. Гофман ертегісі «Щелкунчик» (1816)

205 жыл – А. С. Пушкин поэмасы «Кавказский пленник» (1821)

200 жыл – В. Гауф жинағы «Сборник сказок за 1826 год» (1826)

200 жыл – Братья Гримм ертегілері «Сказки» (бірінші орысша
аударма) (1826)

200 жыл – Дж. Купер романы «Последний из могикан, или
Повествование о 1757 годе» (1826)

195 жыл – О. де Бальзак романы «Шагреновая кожа» (1831)

195 жыл – Н. В. Гоголь комедиясы «Вечера на хуторе близ Диканьки» (1831)

195 жыл – А. С. Грибоедов комедиясы «Горе от ума» (1831)

195 жыл – В. Гюго романы «Собор Парижской Богоматери» (1831)

195 жыл – А. С. Пушкин ертегілері «Сказка о попе и работнике его Балде», «Сказка о царе Салтане...» (1831)

195 жыл – М. Стендаль романы «Красное и чёрное» (1831)

190 жыл – Н. В. Гоголь комедиясы «Ревизор» (1836)

190 жыл – Ч. Диккенс романы «Посмертные записки Пиквикского клуба» (1836)

190 жыл – А. С. Пушкин романы «Капитанская дочка» (1836)

185 жыл – Дж. Купер романы «Зверобой, или Первая тропа войны» (1841)

185 жыл – В. Ф. Одоевский ертегісі «Мороз Иванович» (1841)

180 жыл – А. Дюма романы «Граф Монте-Кристо» (1846)

180 жыл – Э. Лир шығармасы «Книга нелепиц» (1846)

175 жыл – Г. Мелвилл романы «Моби Дик, или Белый Кит» (1851)

175 жыл – Ф. Б. Миллер өлеңі «Раз-два-три-четыре-пять, вышел зайчик погулять» (1851)

170 жыл – Ч. Диккенс романы «Крошка Доррит» (1856)

170 жыл – П. П. Ершов ертегісі «Конек-Горбунок» (1856)

165 жыл – Ф. М. Достоевский романы «Униженные и оскорблённые» (1861)

165 жыл – Н. А. Некрасов поэмасы «Крестьянские дети» (1861)

160 жыл – Дж. Гринвуд романы «Подлинная история маленького оборвыша» (1866)

160 жыл – Ф. М. Достоевский романы «Преступление и наказание» (1866)

160 жыл – Т. М. Рид романы «Всадник без головы» (1866)

160 жыл – И. З. Суриков өлеңі «Детство» (1866)

155 жыл – Л. Кэрролл ертегі-повесі «Алиса в Зазеркалье» (1871)

150 жыл – Н. А. Некрасов поэмасы «Кому на Руси жить хорошо» (1876)

150 жыл – М. Твен повесі «Приключения Тома Сойера» (1876)

145 жыл – К. Коллоди ертегісі «История Пиноккио» (1881)

145 жыл – Н. С. Лесков повесі «Сказ о тульском косом Левше и о стальной блохе» (1881)

- 140 жыл – Ф. Э. Бернетт балалар романы «Маленький лорд Фаунтлерой» (1886)
- 140 жыл – М. Е. Салтыков-Щедрин ертегілері «Сказки» (1886)
- 135 жыл – А. К. Дойл әңгімесі «Приключения Шерлока Холмса» (1891)
- 130 жыл – Г. У. Лонгфелло поэмасы «Песнь о Гайавате» (1896)
- 130 жыл – К. М. Станюкович әңгімесі «Максимка» (1896)
- 130 жыл – А. П. Чехов пьесасы «Чайка» (1896)
- 125 жыл – А. К. Дойл повесі «Собака Баскервилей» (1901–1902)
- 125 жыл – Г. Дж. Уэллс романы «Первые люди на Луне» (1901)
- 105 жыл – А. И. Свирский повесі «Рыжик» (1921)
- 105 жыл – А. С. Грин романы «Алые паруса» (1921)
- 100 жыл – А. С. Грин романы «Бегущая по волнам» (1926)
- 100 жыл – С. Я. Маршак өлеңі «Багаж» (1926)
- 100 жыл – В. В. Маяковский өлеңі «Что ни страница - то слон, то львица» (1926)
- 100 жыл – А. Милн повесі «Винни-Пух» (1926)
- 100 жыл – В. А. Обручев романы «Земля Санникова, или Последние онкилоны» (1926)
- 100 жыл – К. И. Чуковский өлеңдері «Федорино горе», «Чудо-

дерево», «Путаница», «Телефон» (1926)

100 жыл – М. А. Шолохов жинағы «Донские рассказы» (1926)

100 жыл – И. Ильф және Е. Петров романы «Золотой телёнок» (1931)

90 жыл – А. Л. Барто өлеңі «Игрушки» (1936)

90 жыл – М. Митчелл романы «Унесенные ветром» (1936)

90 жыл – В. П. Беляев романы «Старая крепость» (1936)

90 жыл – В. П. Катаев повесі «Белеет парус одинокий» (1936)

90 жыл – С. В. Михалков өлеңдері «А что у вас», «Дядя Стёпа», «Фома» (1936)

90 жыл – А. Н. Толстой ертегі-повесі «Золотой ключик, или Приключения Буратино» (1936)

90 жыл – К. Чапек романы «Война с саламандрами» (1936)

85 жыл – А. П. Гайдар повестері «Тимур и его команда», «Клятва Тимура» (1941)

85 жыл – А. П. Гайдар балалар прозасы «Комендант снежной крепости» (1941)

85 жыл – Л. Пантелеев әңгімесі «Честное слово» (1941)

85 жыл – А. Т. Твардовский поэмасы «Василий Тёркин» (1941)

80 жыл – Н. М. Верзилин повесі «В поисках Робинзона» (1946)

- 80 жыл – Е. Ильина повесі «Четвёртая высота» (1946)
- 80 жыл – А. Линдгрен повесі «Расмус – сыщик» («Знаменитый сыщик Калле Блумквист») (1946)
- 75 жыл – Н. Н. Носов повесі «Витя Малеев в школе и дома» (1951)
- 75 жыл – Дж. Родари ертегісі «Приключения Чиполлино» (1951)
- 75 жыл – Дж. Сэлинджер романы «Над пропастью во ржи» (1951)
- 70 жыл – Я. Л. Аким өлеңі «Неумейка» (1956)
- 70 жыл – Е. Л. Шварц пьесасы «Обыкновенное чудо» (1956)
- 70 жыл – Дж. Даррелл повесі «Моя семья и другие звери» (1956)
- 70 жыл – А. Рыбаков романы «Бронзовая птица» (1956)
- 65 жыл – В. Ю. Драгунский хикаясы «Он живой и светится» (1961)
- 65 жыл – Н. Н. Носов повесі «Приключения Толи Клюквина» (1961)
- 60 жыл – С. С. Вангелия ертегісі «Приключения Гугуцэ» (1966)
- 60 жыл – Б. В. Заходер жинағы «С уважением к детям» (1966)
- 60 жыл – Э. Успенский повесі «Крокодил Гена и его друзья» (1966)
- 60 жыл – О. Пройслер ертегілері: «Маленькая Баба-Яга»,

- «Маленькая русалочка», «Маленькое привидение» (1966)
- 60 жыл – Н. И. Сладков әңгімесі «Подводная газета» (1966)
- 55 жыл – Н. Н. Носов трилогиясы «Незнайка и его друзья»,
«Незнайка в Солнечном городе», «Незнайка на Луне» (1971)
- 55 жыл – О. Пройслер повесі «Крабат, или Легенды старой
мельницы» (1971)
- 55 жыл – Г. Н. Троепольский повесі «Белый Бим Черное ухо»
(1971)
- 55 жыл – В. М. Шукшин кино-повесі «Я пришёл дать вам волю»
(1971)
- 55 жыл – М. М. Рощин пьесасы «Валентин и Валентина» (1971)
- 50 жыл – А. Г. Алексин драмасы «Дорогой Евдоким» (1976)
- 50 жыл – В. П. Астафьев повесі «Царь-рыба» (1976)
- 50 жыл – В. Г. Распутин романы «Прощание с Матёрой» (1976)
- 50 жыл – Ю. В. Трифонов романы «Дом на набережной» (1976)
- 45 жыл – А. Линдгрэн ертегісі «Рони, дочь разбойника» (1981)

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КҮНДЕРГЕ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНДЫҚ АНЫҚТАМА



Мұстахым Біләлұлы Ықсанов
көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері
(1926-1991)

Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында дүниеге келген М.Б.Ықсанов Алматы теміржол техникумын, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының гидротехникалық факультетін бітіргеннен кейін Алматы қаласында Фрунзе аудандық комсомол комитетінің хатшысы, Жетісай құрылыс басқармасының прорабы, өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы, бас инженері, басқарма бастығы болды. 1958-1961 жылдары Қазақтың Бетпақдала ирригация құрылысы тресінің бастығы, 1961-1962 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы Ильичев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, өлкелік су шаруашылығы басқармасының бастығы, 1963-1971 жылдары Қызылорда, Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары болса, 1971-1975 жылдары Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің хатшысы қызметін атқарды.

1975-1986 жылдары, яғни он бір жыл бойы Батыс Қазақстан облысына басшылық етті. М.Ықсанов атындағы қоғамдық қордың төрағасы Асқар Атаевтыңайтуынша, МұстахымБіләлұлы билік басына келгеннен соң, облыс орталығының келбеті 11 жылдың ішінде адам танымастай өзгерді. Ең әуелі Оралды көркейту және оның сәулетін арттыру мақсатында жобалау инсти- туттары құрылды. Кейін облыс орталығында 10 құрылыс тресі бірінен соң бірі жасақталып, олар іске «жегілді». Нәтижесінде жылдар жылжыған сайын жаңа теміржол бекеті, әуежай, әмбебап дүкен, баспасөз үйі және басқа да сәнді де сәулетті ғимараттар пайдалануға беріліп, көпшілік қажетіне жаратылды. Сондай-ақ 12-14 қабатты зәулім тұрғын үйлер салынды. Бұдан

басқа Орал қаласының сыртынан Ресейдің Самара және Сарытау қалаларына тіке шығатын айналма көлік жолдары салынып, ол әлі күнге дейін толық қуатында пайдаланылуда. Облыс аудандары да дамудың даңғыл жолына түсті. Әсіресе, өңірде егін және мал шаруашылығымен қатар, аса тиімді суландыру жүйелері салынып, экономиканың алға басуына көп септігін тигізді. Аудан мен шаруашылық орталығын айтпағанның өзінде, шағын бөлімшелерде де тұрғын үй жаппай салынды. Әрі ауылдарда үлгі жобадағы мал қоралары мен жем-шөп цехтарының да іске қосылуы өзінің экономикалық тиімділігін танытты.

Руханият пен мәдениет саласы да сол кездегі өңір басшысының назарынан тыс қалған жоқ. Оның тікелей нұсқауымен «Ақжайық» ән-би ансамблі құрылып, ол еліміз былай тұрсын, тіпті сонау Норвегияда өнер көрсетті. Оралға қазақтың өнер қайраткерлері Ермек Серкебаев, Нұрғиса Тілендиев, Әсет Бейсеуов және басқа өнер жампоздары жиі ат басын бұрып, тұрғындарды ән мен күйдің әуеніне бөледі. Жұбан, Ғабит сынды атақты жазушылардың Жайық өңіріне келуінде де М.Ықсановтың сан салалы қайраткерлігінің септігі бар. М.Ықсановтың ерекше қасиетінің бірі - адамды дер кезінде дөп танып, оны бағалай алуы және қоғамдық іске жұмылдыра білуі. Оның кадр тәрбиесіне, әсіресе, жастарды баулуға қамқорлығы айрықша еді. Мүсекеңнің «шекпенінен шыққан» Дәржан Иманғалиев, Әлібек Сәтбаев, Сатыбалды Ахметов, Роза Көжекова және басқа кезінде басшы болған жандардың есімдері бүгінде өңірге танымал.

М.Ықсанов еліміздің өзге өңірлерінде де жемісті еңбек етіп, ел сүйіспеншілігіне бөлене білді. Соның бір дәлелі - Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен бұдан екі жыл бұрын Қызылорда қаласында М.Ықсановқа арналған ескерткіш ашылды.

М.Ықсанов атындағы қоғамдық қор 2005 жылы мамырда құрылды. Содан бері атқарылған іс аз емес. Алдымен облыс орталығындағы еңселі көшенің бірі М.Ықсановтың атын иеленді. Сонымен қатар қайраткердің кіндік қаны тамған Жәнібек ауданының орталығы мен Ақсай қаласында да игі шаралар жүзеге асты. Жәнібек ауданындағы Жақсыбай ауылындағы орта мектеп М.Ықсановтың атында. 2008 жылы шілдеде облыстық мәслихаттың шешімімен М.Ықсановқа «Батыс Қазақстан облысының құрметті азаматы» атағы берілді.

«Бұдан басқа Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің басшылығы біздің ұсынысымыз бойынша құрылыс мамандығын меңгеруші үздік студентке М.Ықсанов атындағы шәкіртақы тағайындауға келісімін берсе, өңірдегі Киров атындағы суқоймасына көрнекті тұлғаның атын беру мәселесі қаралуда. Ендігі мақсат - оның тоқсан жылдық тойына арнап, биыл біраз шараны іске асыру. Мәселен, Жәнібек ауданының орталығында кеудемүсін орнату, мерейтойлық өңірге тағар белгі, буклет шығару, спорттық жарыстар және басқасын рет-ретімен ұйымдастырып, өткізбекпіз», деді А.Атаев.

ӘДЕБИЕТ:

1. Қыдырниязова Ш. Ағаны аңсау: Өлең / Ш. Қыдырниязова//Ұлы тұлға. - Орал: Ағартушы, 2011.- 101-102 б.
2. Нұрғалиева, А. Мұстахим Ықсановтың туғанына 90 жыл толуына орай Қызылтал ауылдық мәдениет үйінде үлкен шара өтті // Орал өңірі. – 2016. – 23 ақпан.
3. Ұлы тұлға Мұстахим Біләлұлы Ықсанов: туралы естеліктер / Автор-құраст.А.Қ.Атаев.- Орал: Ағартушы, 2011.- 140 бет.+16 б.
4. Тағдыр шындаған тұлға // Ұлы тұлға.- Орал: Ағартушы, 2011. – Б. 12-22.
5. Байғалиева, Қ. Ықсановтың рухына тәу етті / Қ. Байғалиева // Жайық үні. - 2021. - 1 сәуір. - №12. - Б. 1
6. Атаев, А. Шоқтығы биік тұлға / Қ. Байғалиева // Жайық үні. - 2021. - 1 сәуір. - №12. - Б. 10.
7. Нұрманов, Н. Қайраткерге құрмет / Н. Нұрманов // Орал өңірі. - 2023. - 6 сәуір. - №28. - Б. 4.



Есенбай Ағелеуов

**ғалым, педагог, биология ғылымдарының докторы, профессор
(1936-1996)**

Есенбай Ағелеуов (22.6.1936, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы - 9.11.1996, Алматы) - ғалым, педагог, биология ғылымдарының докторы (1984), профессор (1985).

- Орал педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультін (1959), аспирантурасын (1965) бітірген.
- 1959-1962 жылы Орал облысы комсомол комитетінің қызметкері, хатшысы болды.
- 1965-1979 жылы Орал педагогикалық институтының жаратылыстану-географиялық факультінде оқытушы, аға оқытушы, деканның орынбасары, декан, ал 1979-85 жосы институттың ректоры болып қызмет атқарды.
- 1985 жылдан әмірінің соңына дейін ҚазПИ-дің (қазіргі Алматы мемлекеттік университеті) ботаника кафедраның меңгерушісі болды.

Ағелеуов - шалғынтану мен өсімдіктану, жалпы геоботаника саласында танымал маман ретінде Қазақстан ботаника ғылымының дамуына елеулі үлес қосты. Негізгі ғылыми еңбектері Батыс Қазақстанның флорасы мен шабындықтарын зерттеуге арналған. Ол - жалпы саны 120 ғылыми еңбектің авторы, 4 монография және 2 оқулық жазған.

ӘДЕБИЕТ:

1. Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2002.
2. Айтқалиев, Қ. Профессор Есенбай Ағелеуов – өсімдіктер әлеміне терең бойлаған ғалым // Жайық шұғыласы. – 2023. – 9 қазан.
3. Өмірі еңбекпен өрілген / Т. Е. Дарбаева [и др.]. - Орал : БҚМУ РБО, 2016. - 105 б.



Дина Кенжеқызы Нұрпейісова
Қазақтың әйгілі күйші композиторы,
Қазақстанның халық әртісі
(1861-1955)

Төлеңгіт руынан шыққан. Халық өнерпаздарының 1937 жылы өткен республикалық байқауына қатысып 75 жасында халық аспаптарын тартатын өнерпаздардың Мәскеуде өткен Бүкіл одақтық бірінші байқауында, одан кейін 1944 жылы 83 жасында Орта Азияның бес республикасынан өнерпаздар қатысқан Ташкенттегі он күндікте Дина тағы да жүлделі орындарды жеңіп алады.

Дина ата-ана шаңырағында бұлаңдап өскен жас кезінің өзінде ақ Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлікей, Түркеш, Ұзақ, Есжан, Байжұма, Баламай саң сияқты күйшілердің күйін нәшіне келтіре тартып, төңірегі «домбырашықыз» деп атаған. Қаршадай қыздың даңқын естіп, әйгілі Құрманғазы арнайы іздеп келген. Ол Динаның домбыра тартысына сүйсініп, болашағынан үлкен үміт күтіп, батасын берген. Осыдан кейін Динадан көз жазбай, үнемі айналып соғып, додалы күй айтыстарына ертіп барып, домбыра тартудың терең сырларын үйретеді. Дина тоғыз жасынан бастап он тоғыз жасына дейін, қашан ұзатылғанша Құрманғазының баулуында болады. Құрманғазыдай дәулескер күйшінің ұстаз болуы Динаның ғана бақытты болып қойған жоқ, исі қазақтың күй өнерінің бақыты болды.

Дина 1880 жылы Беріш ішіндегі Бесқасқа руынан шыққан Тұрманұлы Қанас деген жігітке тұрмысқа шығады. Қанас пен Динадан Нұрпейіс атты бір ұл туған. Алайда, алғашқы перзенті дүниеге келген соң Қанас көп кешікпей қайтыс болады. Дина ата салтымен қайынінісі Шәпекке қосылады. Күйеуінің атын атамайтын дәстүр бойынша Дина күйеуі Шәпекті «Жәпек» деп атайтын болған. Кейбір деректерде «Жәпек» деп жазылуы содан. Динаның алғашқы күйеуінен көрген перзенті Нұрпейіс 14 жасында қайтыс болады. Кейін ел ішінде санақ па, сайлау ма, әйтеуір бір тізім алу атай алмаған Дина фамилиясының

орнына қайтыс болған тұңғышы Нұрпейістің есімін атаған. Міне, Динаның Нұрпейіс келіні атануының сыры осында. Жәпек пен Дина бақытты ғұмыр кешіп, берекелі жанұя құрған.

Шығармалары: Динаның әсем сазды аяулы күйлері осынау жар қызығын көріп, бала бақытына мейірленген жылдарда туған. Ұзатыларда әкесінің еншің деп мінгізген қарақасқа атына арнап шығарған «Қарақасқа» ат» күйі, өзіпіртұтатын күйшілері Дәулеткерей мен Түркешке еліктеп шығарған «Бұлбұл», «Жігер», «Байжұма» сияқты күйлері, ақылды да айбарлы, сұлу да сырбазабысынан арнаған «Кербез» күйі, үлкен ұлы Жұрымбай 1916 жылғы «Июнь жарлығы» бойынша әскерге шақырылғанда тартқан «Он алтыншы жыл» («Набор») күйі, қадірлес замандастарына сүйсіну үшін туған «Қосалқа» күйі, балдай тәтті, бауыр етіндей жақын баласы Қоңырға арналған «Әсем қоңыр» күйі, міне, бұлар Динаның өзіндік қолтаңбасын айқын танытатын біртуар күйлер. Бұл күйлері арқылы Дина қазақ күйлерінің өрісін ұзартып, өресін биіктетумен бірге, өзі де ұлы күйшілермен терезесін теңестірді.

Дина Кеңес заманында да өзінің арман аңсарын, үміт тілегін халқының жолына бағыштап өтті. Жасының ұлғайғанына қарамастан Қазақстанның 20 жылдығына орай «Той бастар», Отан соғысы жылдарында «Ана бұйрығы», «Жеңіс» сияқты күйлер шығарды. Рас, қоғамның репрессиялық қаталдығы туысқан жағымсыз саясат пен желбуаз идеология Динаның бұла дарынын қақпайлап бақты. Оны төлтума арқасынан (шабытынан) айырып, әсіре ұраншылдықтың қолжаулығы етпек болды. Ол шығарған күйлерге «Еңбекері», «Сауыншы», «Сталин», «Делегат», «Көкөніс» деп ат қойып, алаулатып жалаулатып, ресми салтанаттардың ұран күйіне айналдырды.

ӘДЕБИЕТ:

1. Батыс Қазақстан облысы тарихы : оқу құралы. 3-ші толық. бас. / Т. З. Рысбеков, Б. Қ. Бірімжаров, С. Б. Құрманалин [и др.]. - Орал: Полиграфсервис, 2023. - 396 б.
2. Дина күйші : жинақ / құраст. Ғ. Әнес. - 2-ші бас., толық. - Алматы : [б. и.], 2010. - 336 б.
3. Құттымұратұлы Қ. Дина күйші туралы деректер // Егемен Қазақстан. – 2021. – 23 шілде. - №137. – Б.12.
4. Құттымұратұлы, Қ. Дина жайлы жаңа деректер / Қ. Құттымұратұлы // Орал өңірі. - 2021. - №63. -6 тамыз. - Б. 16-17.
5. Рысқалиева, С. Дана да дара Дина / С. Рысқалиева // Oral Oniri. - 2021. - №9. -2 ақпан. - Б. 14
6. Сейтақ, А.Күй анасын құрметтеді ұрпағы / А. Сейтақ // Орал өңірі. - 2021. - №57.-16 шілде. - Б. 10.
7. Шуакбаева, Г. Дина Нұрпейісоваға арнадым / Г Шуакбаева // Қазақстан мұғалімі. - 2021. - №17-18.- 25 қыркүйек. - Б. 7.



Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев
Совет және Ресей ғарышкері, Ресей Федерациясының Батыры,
Қазақстанның Халық Батыры, Қазақстан Республикасы
авиациясының генерал-лейтенанты,
техника ғылымдарының докторы
(1951-2025)

Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев 1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысында Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылында, дүниеге келген. Совет және Ресей ғарышкері, Ресей Федерациясының Батыры, Қазақстанның Халық Батыры, Қазақстан Республикасы авиациясының генерал-лейтенанты, техника ғылымдарының докторы. (2007-2016) ҚР Ұлттық ғарыш агентствоның төрағасы Қазақстанның 2 ғарышкері, КСРО/Ресейдің 79 ғарышкері, әлемнің 309 ғарышкері болып табылады. 1968ж. № 58 Алматы орта мектебін бітірген. 1974 жылы Ленин комсомолы атындағы Рига азаматтық авиация инженерлері институтын "Радио- электрондық жабдықтар" мамандығы бойынша бітірді. 1989 ж. диспетчерлік және инженер - техник құрамын дайындау Ульянов орталығын бітірді. 1990 жылдары Боралдай біріккен авиаотрядында екінші ұшқыш, Ан-2 ұшағының командирі. 1991 жылы 6 наурызда КСРО Қорғаныс министрінің бұйрығымен міндетті әскери қызметке шақырылып, Ғарышкерлер жасағының 4 тобының ғарышкер- зерттеуші кандидат ретінде қабылданды. 1999 жылдан бастап топ командирі, нұсқаушы-ғарышкер-сынаушы. Ғарышта болған уақыты 341 күн 9 сағ 48 мин 2007 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Аэроғарыш комитетінің төрағасы болып тағайындалды. 2007 ж. ҚР Президентінің Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігін басқарды. "Байқоңыр" кешені жөніндегі Кіші комиссияның Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының төрағасы. 2014 ж. тамыздың 13-інен Үкімет басшысының азаматтық авиация және ғарыш қызметі мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі.

2014 ж. тамыздың 21-інен Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитетінің төрағасы. Ресей Федерациясының Батыры (1994) Қазақстанның Халық Қаһарманы (1995).

ӘДЕБИЕТ:

1. Асанкелдіұлы А. Талғат Мұсабаев: Ғарыш саласы – елді дамытатын заманауи сала // Егемен Қазақстан. – 2021. – 8 қыркүйек.
2. Қабиқызы С.Талғат Мұсабаев: ғұмырнамалық деректі хикаят / С. Қабиқызы. - Алматы: Қазақстан, 2010. – 237 б.
3. Қазақстан ғарышкерлері. 1991-2015 = Космонавты Казахстана = Astronauts of Kazakhstan / Дайынд.: С. Қ. Нұрғалиева, Б. Қанғожин. - Астана: Фолиант, 2017. – Б.15-28.
4. Төлеуғали, А. Қазақтың қырандары / А. Төлеуғали // Орал өңірі . - 2018. - 12 сәуір. - №40. - Б. 9
5. Сүйінбай, Т. Көк пен жердегі ерлік жолдары / Т. Сүйінбай // АНА ТІЛІ. - 2021. - №1.- 7-11 қаңтар. - Б. 5
6. Мұсабаев, Т. Ғарыш саласы -елді дамытатын заманауи сала / Т. Мұсабаев // Егемен Қазақстан . - 2021. - №170.- 9 қыркүйек. - Б. 3.



Абылай хан **Қазақ хандығының 18-ші ханы**

Абылай хан, Әбілмансұр (1711-1781) - қазақ ханы, ұлы мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломат. Арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары Қазақ даласының негізін салған Әз-Жәнібек, одан соң Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Абылай - Жәңгір ханның бесінші ұрпағы.

Жәңгір қайтыс болып таққа Тәуке отырғанда, Уәлибақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәлибақының баласы Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болып, Қанішер Абылай атаныпты. Осы Абылайдан Көркем Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр (кейін қазаққа хан болып Абылай атанған) «ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Әбілмәмбет төренің жылқысын да бағады. Бұл, Шоқан Уәлихановтың айтуына сүйенсек, Абылайдың 13 жасар кезі болса керек (онда Абылайдың 1710 жылы туған деуге негіз бар).

Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал жасады. Қазақ даласының даналығын бойына жинаған баба ақылымен парасатына, елбилеу қабілетін, анталаған жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтарысбере алатынын жас баланың санасына ұялата білген. Оған қоса бала кезінен көрген жұпыны тіршілік, өмірлік тәжірибе Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей жыраулардың т.б. ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мәліметтеріне қарағанда, Абылай 20 жасында қан майданда ерлігімен танылған. Бұқардың Абылайға «Сен жиырма жасқа жеткен соң, Алтын тұғыр үстінде Ақ сұңқар құстай түледін» деуі осының дәлелі. Қайжылы туса да, 1730-1733 жылдары аралығында болған бір ұрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас атыры, қоңтажы Қалдан Сереннің жақын туысы (кейбір деректерде: күйеу баласы) Шарышты өлтіреді.

Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып,

қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналды. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанды.

Абылайдың 20 жасы қай жылға сәйкес келуіне байланысты, қай шайқасқа қатысқаны туралы болжам айтуға болады. Бұл, әрине Абылай қатысқан алғашқы соғыс емес. Ел әңгімелері, тарихи жырлар Сабалақ әуелде Бөгенбай жасақтарының құрамында жорық-жортуылдарға қатысқанын айғақтайды. Аңырақай шайқасына қатыспады дегеннің өзінде де, Абылайдың 1730-1733 жылдары болған бір ірі шайқасқа қатысқаны дау тудырмайды. Тарихи деректерден Орта жүз жасақтары мен жоңғарлардың арасында 1930-1931 жылдары бірнеше үлкен ұрыс болғаны белгілі. 1732 жылы жоңғардың 7 мыңнан астам әскері Орта жүздің шығыс шетіндегі ауылдарына шабуыл жасап, тегеурінді тойтарысқа тап болады. Абылайды 20 жасы 1733 жылға сәйкес келсе, дәл сол жылы қазақ пен қалмақ арасында үлкен майданболғаны қытай деректерінде атап көрсетілген. Абылайдың әскери қайраткерлігі, қолбасшылық қабілеті 1730-1740 жылдардағы шайқастарда ерекше көрінді. Осындай жан алысып жан беріскен соғыстардың бірін Бұқар жырау «Қалданменен ұрысып, жеті күндей сүрісіп...» деп суреттейді. Ол соғысқа Абылайдың қанды көйлек жолдастары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, т.б. қазақтың белгілі батырлары тізе қоса қатысады. Бұл да Абылайдың жауға қарсы қазақ халқының басын біріктіре білгендігінің дәлелі болып табылады. Бірте-бірте ұлыстағы бар өкім Әз-Тәуке ханның немересі Әбілмәмбет ханнан өтіп, Абылайдың қолына көшеді. Абылайдың ерлігі мен ақыл-парасатына бас ұрған Әбілмәмбет ақылшы аға болып, кеңесші хан дәрежесімен шектеледі.

18 ғасырдың 30-шы жылдарының аяғында Абылай есімі бізге белгілі құжаттарда Әбілмәмбетхан мен қатар аталады. Орыс тарихшысы А.Левшин:

«1739 жылы Орта жүзде Сәмеке (Орта жүздің батысындағы аз сандыруларды биледі) ханның орнына хан сайлаудан бұрын Әбілмәмбет пен Абылай екеуі бірдей хандық билік жүргізген» - деп жазды. Шоқан Уалиханов та осы пікірді қолдайды.

1738-1741 жылдары Абылай хан бастаған қазақ қолы жоңғар басқыншыларына бірнеше мәрте соққы берді. 1742 жылы Абылай хан тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына тұтқынға түсті. Сол кездегі ойрат басқыншыларына қарсы күрестің ең белсенді ұйымдастырушыларының біріне айналған Абылайдың жау қолына түсуі қазақ қоғамында абыржушылық туғызып, оны босатып алу үлкен саяси мәселеге айналды. Тарихи жырларда қазақ билеушілерінің атынан Төле би мен Әбілқайыр хан Орынбор әкімшілігінен Абылайды тұтқыннан босатып алуда ара түсуге өтініш жасады. Бұл деректің шындық екенін осы кезеңде Орынбор генерал-губернаторы И.Неплюев пен Әбілқайырдың өзара жазысқан хаттарыда дәлелдей түседі. Қазақтың үш жүзінен Төле би бастаған 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743

жылы қыркүйектің 5-інде Абылайды тұтқыннан шығарып алды. Бұл жөнінде И.Неплюевтің Сыртқы істер алқасына жазған хатында қазақтар мен қалмақтар бітімге келіп, бірігіп кете ме деген қауіп те білдірді.

Абылай билігінің күшейе түсуінің жаңа кезеңі 1744 жылы Әбілмәмбеттің Түркістанға көшіп кетуі уақытына саяды.

Абылай көреген саяси қайраткер бола отырып, қалмақтармен аса ауыр соғыстардан қалжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломатиялық жолдарды да тиімді пайдаланды. 1740 жылы тамызда Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, тағыда басқа 120 старшынмен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісімін білдірді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Шың империясыменде қарым-қатынасын суытпады. Петербор мен Бейжіңге елшіліктер аттандырды (1757-1777 жылдары Бейжіңге 10 елшілік жіберген). Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қазақ хандығы мүддесін пайдаланып отырды. Абылай 1745 жылы Қалдан Серен дүние салғаннан кейін Жоңғарияның билеуші топтарының тақталасынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастауын және жоңғар-қытай соғысын Шығыс Түркістан мен іргелес өңірдегі ойраттардың уақытша билігінде қалған қазақ жерлерін қайтаруға, елдің дербестігін толық қалпына келтіруге пайдалану үшін барынша күш салды. Абылай қазақ елінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін жағдаяттармен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанып өтті. 1745 жылы Орта жүздегі Әбілмәмбет, Абылай және Барақ сұлтандар қатар аталса 3-4 жылдан кейін мұндағы жағдай мүлдем өзгерді. 1749 жылытамыз айында Неплюевпен кездесуінде Жәнібек тархан: «бұрын Орта жүзде Әбілмәмбет хан болған, бірақ ол біраздан бері Ташкентте тұрып жатыр, ел басқарудан қалған. Барақ сұлтан зұлымдық ісі үшін қашып жүр. Онда жалғыз Абылай сұлтан ғана билік жүргізіп отыр», - деп көрсетті.

Жазба деректерде Абылайдың шет ел басқыншыларына қарсы табанды соғыс жүргізгендегі айқын көрсетіледі. 1752 жылы ол бастаған қазақ әскері шамасы 15-20 мың адамдай ойрат қолының шабуылына тойтарыс берді. 1753 жылы желтоқсанда Абылай 5 мың жауынгерімен жоңғар әскерлерімен шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етті. 1754 жылы сәуірде Абылай бастаған 1700 қазақ әскері 10 мың қалмақпен соғысуға мәжбүр болса, сол жылдың шілде - тамыз айында 4 мың әскермен Жоңғарияға жорық жасап, 3000 қалмақты тұтқынға түсірді. 1756 жылы Абылайдың бастауыменқазақтар қытайлар мен қалмақтардың біріккен күшімен екі рет шайқасып, оның бірінде жеңіліп, екіншісінде жеңіске жетті. 1757 жылы Абылайдың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасқаннан кейін, қытайлар Абылайдан бітім сұрады.

1753-1754 жылдардағы шайқастарға Қабанбай, Бөгенбай Жанатай, Керей Жәнібек, Өтеген батырлар қысы-жазы үзбестен қатысты. Абылай бірде Қалдан Серенмен бітімге келсе, бірде Дабашыны (Давациды) шауып, бірде оны және Әмірсананы өзіне паналатты. Сөйтіп Ойрат ұлысының бөлшектенеберуін көздеді. Тегеурінді әскери қимылмен

қатарластырыла жүргізілген дипломатиялық әрекеттері Абылайды өз заманының ұлы қайраткерлері деңгейіне көтерді. Осының нәтижесінде Абылай әскері 1771 жылы Мойынты өзенінің бойында болған қалмақтармен ауыр шайқаста жаңа жеңіске жетті.

Саяси ахуал тұрақталған шақта Абылай қазақ жерінің бүтіндігіне қол сұққан басқалармен де ымырасыз күрес жүргізді. 1754-1755 және 1764 жылдары қырғыздар Жетісуда біраз ауылдарда шауып, Жауғаш, Көкжал Барақ және Шынқожа батырлар бастаған әскерлерді Ақсу, Көксу және Шу бойында талқандайды. Осы себепті Абылай 1755-1765 жылдары Қырғыз ұлысына жорық жасап, Іленің сол жағасын, Шу бойын тазартады, қазақ пен қырғыздардың Нарынқолдан Қордайға тартылған, күні бүгінге дейін сақталып отырған шекарасын анықтайды.

Өмірінің соңғы 15 жылында Орта Азия хандықтарына қарсы тынымсыз күрес жүргізді. 1765-1767 жылдары Абылай қолының Қоқан билеушісі Ерденбек пен соғысының нәтижесінде Түркістан, Сайрам, Шымкент қалалары қайтадан қазақтар иелігіне өтті. Ташкент алым төлеп тұратын болды.

Екі жүз жылға созылған қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің соңғы жаңғырығы алаш жұртының санасында

«Шаңды жорық» деген атпен белгілі. Бұл 1771 жылы Еділ қалмақтарының жоңғарға қазақ жері арқылы үдере көшуі еді. Кіші жүздің ханы Нұралы асығыс әскер жиып, Жем бойында қалмақтарға алғашқы соққы берді. Балқашқа жақындаған кезде Абылай бастаған қазақтың қалың қолы қалмақтарды қоршауға алды. Осы кезде қалмақ басшылары Ұбашы мен Серен бітімге келуді, бүкіл ел-жұртымен бодандыққа қабылдауды сұрап, елші жіберді. Кіріптар ұсынысты талқылау үшін шақырылған әскери кеңесте Абылай тағы да көрегендік танытып, жеңілген жауды қырып-жоюдың қажеті жоқ екендігін дәлелдеуге тырысты. Еділден ауған қалмақпен келіссөзгекеліп, тым құрыса олардың жоңғарға еркін өтіп кетуіне мүмкіндік беру жөніндегі Абылай түйінінің аржағында шығыстағы ұлы көршімен болашақтағы қарым-қатынасты ойлау жатты. Жоңғардан азат етілген шығыстағы жерлерге қазақ ауылдарын апарып түпкілікті қоныстандыру да Абылай саясатының тереңдігін, кемеңгерлігін айқын көрсетеді. Оның әрбір іс-әрекеті қазақ халқының бүтіндігін, елі мен жерінің тұтастығын сақтауға бағытталды. Билікке таласқан Барақ сұлтан Әбілқайыр ханды өлтіргенде де Абылай ел бірлігін ойлап қынжылып, Төле бимен тізе қоса қимылдап, бұзық сұлтанды жазаға тарту жағында болды.

Абылай соғыс жағдайына сай қол астындағы елде, әсіресе әскер ішінде қатаң тәртіп орнатты. Сондықтан да хан бастаған жауынгерлердің ел-жұрты мен ата мекенін қорғау рухы жоғары, ұзақ жорықтарға шыдамды, шайқас даласында тегеуріні қатты болды. Абылай сан жағынан әлдеқайда басым жаумен шайқасудан еш тайынбады және көбіне үстем шығып отырды. Ол қазақ хандығының күшін біріктіріп, әскери жағынан қуатты мемлекетке айналдырды.

1771 жылы жасы жеткен Әбілмәмбет хан дүние салды. Қалыптасқан дәстүр бойынша Орта жүздің ханы болып не Әбілмәмбеттің інілерінің бірі, не үлкен ұлы Әбілпейіз сайлануға тиіс еді. Алайда басты сұлтандардың, старшындардың, Әбілпейіздің өз қалауымен үш жүздің басшы өкілдері Түркістанда Абылайды хан көтерді. Абылай іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл қазақ ордасының ұлы ханы болды. Тарихи деректер, аңыз- жырлар да Абылайдың үш жүздің әміршісі ретінде ардақталғанын көрсетеді. Қытай императоры, Жоңғария хандығы, Орта Азия мемлекеттері Абылайды бүкіл қазақ ханы деп ресми түрде танығанымен оның беделінің өсіп бара жатқанынан сескенген Ресей патшасы Екатерина II Абылайға Орта жүз ханы ретінде ғана сый-сыяпат көрсетті. Бұл бір жағынан «бөліп алда, билей бер» саясатының көрінісі еді. И.Неплюевтің: «Қырғыз халқында бас ханның болуы пайдалы болмайтыны былай тұрсын, зиянды да болу мүмкін» деген пікірі мұны аяғайтай түседі.

Ш.Уәлиханов Абылайдай шексіз билікке ие болған бір де бір қазақ ханының болмағанын, оның мемлекет билігін орталықтандырып, нығайту бағытындағы әрекеттерін, «ханның билігін алқалы кеңес арқылы шектеп отыратын рубасылар мен сұлтандардың өркөкірек үстемдігін» тыйғандығын жазды. Шоқан: «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет күдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі, қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған», - деп атап көрсетті.

Бүкіл өмірін Абылайдың оңтүзесін баса отырып, оғана қыл-кеңес айтумен өткізген Бұқар жырау Қалқаманұлының ханға «Алтын тақтың үстінде, Үш жүздің басын құрадың» деуінің негізінде тарихи шындық жатыр.

Абылай Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді. Қытай әскерлері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға ене бастаған кезде мұсылман елдерінің басын қосуға ұмтылып, Ауған шаһы Ахмад Дурранимен келіссөз жүргізді. Түркияға елшілік жіберу ниеті де болды. Қытаймен қатынас жақсара бастаған кезде орыс бодандығынан бойын тартып, патша әкімшілігінің шақыруымен хандық белгілерді қабылдау үшін 1779 жылы қазан айында Петропавл бекінісіне барудан бас тартты. Пугачев соғысы кезінде 3 мың әскерімен «Қасірет белдеуі» («Горькая линия») бойындағы орыс бекіністерін шапты. Ш.Уәлиханов: «1771 жылы хан сайланғанда да, ол орыс шекарасына барып, ант бергісі келмеді. Сөйтіп ол өзін халық қалап, баяғыда-ақ бұл дәрежеге лайықты қойғанын, Көктің ұлының және өкілеттік қағазы барын желеу етті», - деп жазды. 1779 жылы қазанның 4-інде Орынбор әкімшілігіне жолданған патша жарлығында: «Ордадағы Абылай ықпалын әлсірету мақсатында, онымен тайталасқа түсе алатын адам табу» шараларыда қарастырылды.

Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани

қасиетінен еркін сусындағандарынды күйші ретінде белгілі. Ол - «Ақтолқын», «Алабайрақ», «Бұланжігіт», «Дүниеқалды», «Жетімторы», «Қайранелім», «Қара жорға», «Қоржың қақпай», «Майдажел», «Садаққаққан», «Сарыбура», «Шандыжарық», т.б. күйлердің авторы.

Абылай өмір жолын ат үстінде жорықтарды өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің ішінде Қабырхана мен Ақсарай арасындағы дәлізде жерленген. Абылайдың артында 12 әйелінен 30 ұл, 40 қыз қалды. Қазақ халқының жадында Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келді. Оның есімі тәуелсіздік символына, жауынгерлік ұранға айналды.

Азаттық күрестің жалынды басшысы Абылай ханның асқақ тұлғасы, ақыл-парасаты Бұқар, Үмбетей, Шәді төре Жәңгірұлы жырларында, ақындар К.Жамантайұлы, М.Айтбаевтың дастандарында, І.Есенберлиннің, Ә.Кекілбаевтың Қ.Жұмаділовтың, т.б. ақын-жазушылардың туындыларында сомдалды. Оның ұлағаты өмірі мен ішкі, сыртқы саясаты отандық және шет ел ғалымдарының назарын аударып келеді.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін 1991 жылы Алматының басты даңғылдарының біріне Абылай есімі беріліп, темір жол вокзалының алдына ат үстіндегі ескерткіші орнатылды. Хан ескерткіші Жезқазған, Павлодар қалаларында да бар. Қазақстанның 1993 жылғы ең бірінші төл теңгесінде бейнесі бедерленді. 2005 жылы Абылайдың өмір жолына арналған

«Көшенділер» фильмі түсірілді. 2008 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен Петропавлда «Абылай хан ордасы» кешені ашылып, алдына ескерткіші орнатылды. Оның есімі Алматыдағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне берілген.

ӘДЕБИЕТ:

1. Абылай хан (дастан) // Қазақ әдебиеті. – 2025. - 27 маусым. - №25. - Б. 13.
2. Әбуев, Қ.Қ. Абылай хан. Замандастары және ұрпақтары : Монография / Қ. Қ. Әбуев, 2020. - 330 б.
3. Жұбатқанов, К. Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты / К. Жұбатқанов // Ақиқат. - 2020. - №12. - Б.58-62.
4. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: қысқаша анықтамалық. – Алматы: Өнер баспасы, 2016. – 1 кітап. – 312 б.
5. Самрат, Ж. Абылай хан және Қызылжар / Ж. Самрат // Egeмен Qazaqstan. - 2022. - 20 маусым. - №115. - Б.13
6. Смағұлұлы, О. Абылай хан : Тарихи-антропологиялық зерттеу / О. Смағұлұлы, М. Қожа, А. Оразаққызы, 2023. - 208 б.



Жамбыл Жабайұлы
Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі,
жырау, жыршы
(1846–1945)

Туған жері – Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Топырақ бұйырған жері – Алматы облысының Ұзынағаш елді мекені. Шыққан тегі – Ұлы жүз Шапырашты тайпасының ішіндегі Екей руы.

Жамбылдың өсіп-өнген жерінде ән-күй, ақындық –жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген. М. Әуезовтың «қазақ халқында ерекше дамыған айтыс өнері ХІХ ғасырдан бергі жерде өзге жерлерде саябырсып, Жетісу, оңтүстік өлкелерінде шоғырлана бастайды» деуінде үлкен тарихи себеп бар. Біріншіден, Қазақстанның өзге өңірлерін ертерек шарпыған отаршылдық ел ішінің дәстүрлі қалпына өктемдігін жүргізіп, шырқын бұзып үлгергенде, Жетісу алабы әзірше қағаберісте еді. Екіншіден, бұл өңірдің ертедентамырын тереңге жайған өнерпаздық дәстүрі шын мәнінде ХІХ ғасырдан бергі жерде айрықша биік өреге көтеріліп еді. Осы кезеңде Жетісуға сонау АрқаданұлыАбайдыңкелуі, Біржан, Шашубай, балуанШолақ сияқты дауылпаз әнші-ақындардың келуі, Таластан - Жалайыр Түбектің келуі, оңтүстіктен - Майкөт пен Майлықожаның келуі, Атыраудан - Құрманғазының келуі, сөз жоқ, ең алдымен олардың алыстан жаңғырығы жеткен ұлы өнер мектебіне деген ұмтылыстарына байланысты еді.

Осындай өнер бесігінде тербеліп өскен Жамбылдың ақындық дарыны жас кезінен ақ таныла бастаған . Ол бозбала шағының өзінде ақ өскен ортасын ән мен жырға кенелтіп, тіптен көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылып үлгерген. Осы кезде өрттей жалындап, жұрт аузына іліккен жас Жамбыл Жетісудың дүлдүл ақыныСүйінбайғажолығып, оның арқалы өнеріне құныға ден қойып батасын алады. Мұнан әрі жал - құйрығы сүзілген жүйріктей арындап, сол кездегі Айкүміс, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, Құланаян Құлманбет сияқты ақындықтың жылжыған жорға, жылмиған жүйріктері мен айтысқа түскен Жамбыл ұдайы шоқтығын асырып отырған. Бұлар ғана емес қырғыздың

Балық, Тыныбек, Қалығұл, Найманбай, Қатаған, Арыстанбек, Сағымбек сияқты ақын-жырау, манасшылармен өнер өрелестіріп, қырғыздың көл-көсір поэзиясынан тағылым алады, ақындық өнерін одан әрі шындай түседі. Жамбыл енді ақындық суырыпсалмалық өнеріне қоса «Көрғұлы», «Шаһмардан» сияқты жыр-дастандарды апталап- айлап жырлап, ақындық жыраулық өнерін соны қырымен таныта бастайды.

Жамбылдың ақын-жырау ретінде қалыптаса бастаған кезі Ресейотаршылдары- бір жағынан, Қоқан хандығы - екінші жағынан, жергілікті жандайшаптар - үшінші жағынан қазақ халқын әлеуметтік саяси қыспаққа алғаншақеді. Жаны сергек, санасы өрелі Жамбыл өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты өлеңдерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін ақындық шыншылдықпен азаматтық жауапкершілікпен бедерлейді. Жамбыл Қазан төңкерісінен кейінгі елдің саяси-әлеуметтік өміріндегі тарихи өзгерістерге үлкен үмітпен ден қояды. Оның «Туған елім» атты толғауы 1936 жылы жарық көріп, онан соң орыс тіліне аударылған нұсқасы «Правда» газетінде жарияланып, қарт ақынның даңқы бүкіл әлемге жайылды. Халқына қадірі артып, даңқы өрлеген Жамбыл, шабыт тұғырына қонған Алатаудың ақ иық қыранындай, жыр нөсерін селдетеді. Оның 1936- 1945 жылдар аралығында шығарған жырлары 13 мың тармақтан асады екен. Ол ел өміріндегі табыс пен жаңғыруларды, жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлайды. Шағын жыр-толғаулар ғана емес, оның қарт көкірегінен «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындылар қайта жаңғырып ақтарылады.

Жамбыл - әрі эпик, әрі айтыс ақыны; абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бірбәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді. Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын. «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз»- деген еді Сәкен Сейфуллин. Жамбыл - жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы. Ол жасампаз ұрпақпен сырласындай, қимасындай мәңгі бірге жасай береді.

Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл көзінің тірісінде ақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып, өзінің де, халқының да даңқын дүйім дүниеге паш етті. Жамбыл бейнесі


қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгіледі.

1945 жылы 22 маусымда Жамбыл дүниесі салды.

1946 жылы ақпанда Қазақстан жұртшылығы даңқты ақынның жүз жылдығын салтанатпен атап өтті. Мерейтойына қарай ақынның таңдамалы шығармаларының академиялық жинағы орыс және қазақ тілінде басылып шықты.

ӘДЕБИЕТ:

1. Айбын: энциклопедия / Бас ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 б.
2. Әбдешұлы, Қ. Жамбылдың жыраулық дәстүрі / Қ. Әбдешұлы // Egeмен Qazaqstan. - 2024. - 19 ақпан. - №34. - Б. 13.
3. Жолдасбеков, М. Жамбыл жайында естігендерімнен / М. Жолдасбеков // Egeмен Qazaqstan. - 2023. - 1 наурыз. - №41.- Б.11.
4. Жұмабай, Н. Жамбыл жылы жырлайды / Н. Жұмабай // Егемен Қазақстан. - 2021. - 1 наурыз. - №41. - Б.2.
5. Калижанов, У. Жамбыл / У. Калижанов, 2013. - 392 б.
6. Қалижанов У. Жамбыл : жинақ / У. Қалижанов; ҚР Білім және ғылым м-гі, ҒК, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты. – Алматы : Әдебиет Әлемі, 2013. – 388, [4] б.
7. Сабыр, М. Жамбыл ақынның сөз өрнегі / М. Сабыр // Орал өңірі. - 2021. - 27 тамыз. - №69. - Б.5.
8. Серікқызы, Э. Жамбыл мұрасы - ұлт руханиятының айнасы / Э. Серікқызы // Егемен Қазақстан. - 2021. - №41. - 1 наурыз.- Б.7.
9. Тебегенов, Т. Жамбыл- әлем өркениетіндегі дәстүрлі халықтық поэзия алыбы / Т. Тебегенов // Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте. - 2021. - Наурыз -Сәуір. - №2. - Б.2-3.



Из фондов РГГУ ЦАКФДН РР. Арх. № 2-2912
Мунайпасов Ходжан-Муқан, победитель международных
турниров по борьбе 6/6, 1910 г.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы **Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан** **(1871–1948)**

Тарихи деректерге сүйенсе кол 1871 жылғы 7 сәуірде Ақмола уезі, Қараөткел деген ауылда дүниеге келген. Кейбір зерттеулерде, оның 1886 жылы туғандығы айтылады. Қажымұқан кедей шаруаның баласы болғандықтан, орыс байларына және дәулетті адамдарға жалданған. Сөйте жүріп, күреске түсіп, той томалақтарда елге көрініп, бала балуан деген атқа ие болған. Қыпшақ тайпасы Ұзын ішіндегі Алтыбас руынан шыққан.

Былай басталатын өлең жолдары оның сал-серілігінен де хабардар етеді: Атандым Мұқан палуан, бала жастан. Ішінде күштілердің болдым астам. Талай-талай жерлердің дәмін татып, Өтті дәурен осылай біздің бастан.

Сонда сол циркте жеңген палуан, ең соңында жеңген палуан мен Қажымұқан күреске түседі. Оны жыға алмайды, дегенменен халық арасына танылады. Злобин деген цирктің қожасына ұнайды да, бұл жаңағы барлық зерттеулерде жазады ол «Ваня ағай» деген атақты алғашқы кәсіби Санкт-Петербургтағы мектепті ашқан атақты Лебедевке хат жазып жібереді. Сол арқылы ол сол жаққа барады. Сол жақта үш жылдай дәріс алады. Содан кейінгі өмірі Қажымұқанның үлкен өрісте болады, биіктей түседі жылдан жылға.

Талас аға жалғайды. Сонда ол орыстың көптеген палуандарымен танымсып, дос болады. Олардың ішінде Иван Поддубный, Иван Шемякин сияқты мықты мықты дүние жузіне белгілі жауырыны жерге тимеген, Иван Зайкин тәрізді балуандар бар, Шульц деген палуан осылармен тек қана күресіп қана қойған жоқ, рухани жағынан жақындасып, ұзақ жылдар дос болды.

Қажымұқанның тұңғыш рет әлемдік деңгейде көрінген шағы -1906 жыл. Алманияда өткен дүние жүзілік сайыста ол әлем чемпионы атанады. Бірақ орыс әкімшілігіне бұратана халықтың атын шығарған палуан онша ұнай қоймайды. Сол үшін де Қажымұқан орыс палуандарының атымен күресуге мәжбүр болды. Қажымұқанға неше түрлі лақап аттар беріледі. Сол кездегі саясат бойынша, бізде тек орыстар ғана емес, жапондықтар да күреседі деген жарнамалар жасалып, Қажымұқанды «Ямагата Мухунури» деген лақап атпен күрестіреді. Сонымен қатар, Мухан, «Иван Чёрный» сияқты лақап есімдері болған.

- 1909 жылғы халықаралық палуандар жарысына ол «Қара Мұстафа» деген атпен шыққан. Сөйтіп бүкіл дүние жүзіне Мұқанның неше түрлі лақап аттары тарай бастайды.

- 1910 жылы Мұқан тұңғыш рет Оңтүстік Америка құрлығына табан тірейді. Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында өткен еркін күрестен болған біріншілікте ол Америка чемпионы атанады.

- 1911 жылы Мұқан Мұңайтпасов Ыстамбұлға барады. Сол кезеңде әлемде түрік палуандарынан мықты палуандар жоқ сияқты көрінетіндігі соншалық, ол жаққа орыс палуандары аяқ баспайтын-ды. Осы ретте намысқой Қажымұқан өзі түркі халқының өкілі ретінде Түркияға баруға бел буады.

- Ол поляк қызымен отау құрған. Омбыда мешітке апарып, оған Бәтима деген ат беріп, мұсылман дініне кіргізген. Патша үкіметі құлаған соң, балуанның отбасы азамат соғысы мен аштықтың салдарынан біраз сергелдеңге тап болады.

- 1937 жылы Қажымұқанның ізіне ІХҚ қызметкерлері түсіп: «Бұл патшаның адамы, оның қолынан медаль алған, сыйлық алған сыбайласы»

- деп қудалауға ұшыратады. Сол себепті Қажы Мұқан отбасын тастап, Түркістанмен Өзбекстанда басса уғалайды. Өмірінің соңғы кезеңі Түркістан жерінде өтеді.

- Ұлы Отан соғысы басталған кезде Қажымұқан ҚКСР Жоғарғы кеңестің төрағасы Қазақбаевқа жолығып, оған «Ел аралап, цирк өнерін көрсетсем, сол арқылы ақша тауып, майданға көмектесем» - деген ұсыныс айтады. Бұл ұсынысты үкімет қолдап, екі жылға жуық жүріп цирк өнерін көрсетіп, 100 мың сомдай ақша табады.

- Егер ол өз заманында тәуелсіз елдің азаматы болса, оның Мұқан Мұңайтпасұлы деген шын есімі әлемдік спорт тарихында алтын әріптермен жазылар еді. Өмірінің 55 жылын күрес пен цирк өнеріне арнап, 50 шақты медальдің иесі болып, жеңіс тұғырынан түспеген дара тұлға - қазақтың нағыз хас батыры.

- Ол 1948 жылы Түркістан облысы, Бөген ауданы, Ленин туы колхозында қайтыс болды. Темірлан деген ауылда, қабырының басына ескерткіш орнатылған. Оның төрт әйелінен тараған ұрпақ Түркістан мен Ақмола өңірінде өмір сүруде.

• Ең алғашқы лақап аты "Муханура", Лебедев мырзада дәріс алып күрес өнерін дамытқан еркін күрестен әлемнің бірнеше дүркін жеңінпазы француз күресінен өзімен бірдей дәрежеде күресетіндер еркін күрестен бәрі бастарын идірген.

ӘДЕБИЕТ:

1. Бейсенбай, Б. Күш атасы / Б. Бейсенбай // Жалын. - 2023. - №2. - Б.51-60.
2. Қайратұлы, Б. Қазақтың алыптары / Б. Қайратұлы // Егемен Қазақстан. - 2021. - 14 сәуір. - №69. - Б.12.
3. Олжабай, С. Алып күш иесінің бір хикаясы / С. Олжабай // Жалын. - 2021. - №11. - Б.2-6.
4. Хасенов, С. Ұлттық мұражайдағы Қажымұқан мұралары / С. Хасенов // Мәдениет. - 2022. - №3. - Б.20-24.



Олжас Омарұлы Сүлейменов
**орыс тілді қазақ ақыны, тілтанушы, саясаткер, ядролық қару-
жарақтарды жаппай қолдануға қарсытұрушы, Төтенше және**
Өкілетті Елші. Қазақстанның Еңбек Ері
(1936)

Олжас Сүлейменов 1936 жылы 18 мамырда Алматы қаласында Олжабай батырдың тікелей ұрпағы Омархан Сүлейменұлымен Фатима Бәделбаеваның отбасында дүниеге келді. Орта жүздің Арғын тайпасы Сүйіндік руының Айдабол тармағынан шыққан. Әкесі Бірінші қазақ кавалериялық полкінің офицері болған, ол Олжас бір жасқа толғанда атылды. Олжастың атын Абылай ханның атты әскерінің оң қанатын басқарған жетінші атасы Олжабай батырдың құрметіне қойған.

«Велосипедтен құлағаным есімде. Өмірінде бірінші рет бұл балаға біреу велосипед тебуге берген, содан мен құладым. Бұл менің өмірімдегі

еңжарқын естелік. Себебі мен өзімнің алты жасымнан бастап не істегенімді білемін. Мені қызылша тиелген жүк көлігіне лақтыратын. Алты жастағыбала жолға қызылша түсіретін. Біраз уақыт өткен соң көлік жылдамдықты азайтқан кезде, қызылша да таусылған уақытта мен де соңғы қызылшамен бірге жолға түсетінмін», – деп еске алды Сүлейменов балалық шағын.

Олжас 1954 жылы Мәншүк Мәметова атындағы № 28 орта мектепті аяқтаған соң, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің геологиялық барлау факультетіне оқуға түседі. Әдебиетке 1955 жылы араласа бастайды, 1959 жылы Мәскеудегі Максим Горький атындағы әдебиет институтына оқуға түседі.

Оқуды аяқтаған соң «Простор» журналының поэзия бөлімінің меңгерушісі, «Қазақфильм» киностудиясының редакция алқасының бас редакторы, 1971-81 жылдары Қазақстан жазушылар одағының бірінші хатшысы қызметін атқарды.

1972 жылы Азия-Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі қазақстандық комитеттің төрағасы болды. Қазақ КСР кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы қызметін атқарды.

1975 жылы Олжас Сүлейменов «АЗ и Я» еңбегінде «Игорь жасағы туралы жырды» зерттей келе, өзіндік ғылыми тұжырым жасады. Бұл еңбек Мәскеуде резонанс тудырып, кітапқа тыйым салынды. Кейінгі жылдары ақын саясатқа бет бұрды.

1990 жылы ядролық апатқа қарсы «Невада-Семей» қозғалысын құрып, Семей полигонының жабылуына зор үлес қосты. 1991 жылы Қазақстан халық конгресі партиясының төрағасы болды.

1995 жылдың тамызынан бастап Қазақстанның Италиядағы, 1996 жылы сәуірінен Грекиядағы, сондай-ақ Мальта республикасындағы төтенше және өкілетті елші міндетін атқарды. 2001 жылы Қазақстан республикасының ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілі болды.

2018 жылы Олжас Сүлейменов Алматыдағы мәдениеттерді жақындастыру орталығын басқарды.

Олжас Сүлейменов туындыларын орыс тілінде жазады. «Арғымақтар» деп аталатын тұңғыш өлеңдер жинағы 1961 жылы жарық көреді. Осы жылы шыққан «Адамға табын, жер, енді» поэмасы Сүлейменов есімін әлемге танытты.

«Адамға табын, жер, енді» поэмасының қалай жазылғаны жайлы ақын бір сұхбатында баяндады. Айтуынша, «Казахстанская правда» газетінің редакторына Кеңес адамының алғаш рет ғарышқа ұшатыны бір күн бұрын белгілі болған. Ол жас ақынға келіп өлең жазуын сұрайды.

«Ол менің өлең жазатынымды білетін. Не дегенмен сен инженердің ғой және адамның ғарышқа ұшуын не екенін елестете аласың деді. Мен 1961 жылдың 11 сәуірінде кешке оның үстелінде өлең жазылған парақты қалдырдым. Ертесі таңертең мені әпкелерім оятты, қолдарында түрлі-түсті

парақ бар. Ал көшеде көпшілік серуендеп, Алматыда шу болып жатты. Параққа қарасам, мен кеше редакторға қалдырып кеткен өлең. Осылай мен бірінші ғарышкер жайлы білдім. Таңертең Алма-Ата үстінен ұшақ ұшып, осы парақтарды шашқан екен», –деп еске алады Сүлейменов.

Ал поэманың өзі бір аптадан кейін дүниеге келді. Газет редакторы Олжасты басқа барлық тапсырмадан босатып, ақын поэманы жазуға кіріскен.

Сондай-ақ, 1962 жылы «Нұрлы түндер», 1964 жылы «Шапағатты шақ», 1967 жылы «Мешін жылы», 1969 жылы «Қыш кітап» өлеңдер жинағы жарық көрді. Одан бөлек «Түн – Париждің қызындай», «Доброе время восхода», «Таңдамалы лирика», «Повторяя в полдень», «Әр күнің сенің – таң», «Жұмыр жұлдыз», «От өрімдер», «Айқын жағалау», «Аз и Я», «Жазу тілі» кітаптары басылып шықты.

Таңдамалы шығармалары қазақ тіліне аударылып, 1986 жылы «Атамекен» деген атпен басылып шықты.

Сүлейменовтің айтуынша, кейінгі жылдары жазылған «Мың бір сөз» этимологиялық сөздігінде мың жыл бұрын пайда болған сөздердің пайдаболу сызбалары зерттеледі және ол кітап көпшілікке қолжетімді болады.

«1001 сөзде» homo sapiens түрі экваторлық Африкада пайда болған кезде ондаған мың жыл бұрын жасалған сөздердің пайда болу сызбалары зерттелуі тиіс. Менің жарты ғасыр бойы сөздердің шығу құпиялары жайлы ойларым бірқатар жинақтауды талап етеді. Олар жайлы сөздікке кіріспе ретінде "Сөз коды" ("Код слова") еңбегімде айтылды, ол жерде сөз бен тіл пайда болған бірнеше сөз ережесін тұжырымдауға тырысамын, – дейді Сүлейменов.

Ал 2018 жылы берген сұхбатында поэма, роман жазбайтынын, сөз бен тарихты зерттеп жүргенін айтқан.

«Мен поэма жазбаймын, роман жазбаймын. Сөз бен тарих тақырыбына тереңдеп кеттім. Жақын арада «Мың бір сөз» этимологиялық сөздігімнің бірінші тарауымен таныстырғым келеді. Ол біздің кім екенімізді, қайдан екенімізді көрсетіп, көзімізді ашады», – деді ол.

ӘДЕБИЕТ:

1. Амантай, Д. Поэзия мен философия / Д. Амантай // Егемен Қазақстан. - 2021. - 5 мамыр. - №83. - Б.12.
2. Қазақстан-Ресей : әдеби альманах = Казахстан-Россия : Литературный альманах / Ред. кеңес М. Тәжин ; Құраст.: Б. Қанапиянов, Л. Шашкова. - Алматы : Жібек жолы, 2018. – Б. 118-123
3. Қыдырәлі, Д. Білге ақын Олжас Сүлейменов туралы толғаныс / Д. Қыдырәлі // Егемен Қазақстан. - 2021. - 21 мамыр. - №94. - Б.5.
4. Олжас Сүлейменов : [өлеңдер] / О. Сүлейменов ; [орыс тіл. ауд. Қ. Мырза Әлі ; құраст. Ж. Әскербекқызы]. – Нұр-Сұлтан :

Фолиант, 2019. – 223 б.

5. Олжас Сүлейменов және руханият әлемі / Т. Я. Сәтбай ; [жалпы ред. басқ. Х. М. Әбжанов] ; Қорқыт Ата атын. Қызылорда мем. ун-ті. – Қызылорда : Қызылорда қанағаты, 2018. - 341 б. . – Библиогр.: 326-336 б.
6. Олжас туралы ой // Орал өңірі. - 2021. - 4 маусым. - №45. - Б.6.
7. Саудабаев, К. Адамзатқа қалтқысыз қызмет / К. Саудабаев // Егемен Қазақстан. - 2021. - 18 мамыр. - №91. - Б.5.
8. Сейсенбаев, Р. Оллжжжааааасс!. / Р. Сейсенбаев // Jujdyz. - 2021. - №7. - Б. 3-13.



Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров
қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, ұшқыш
(1946)

Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров (27 шілде 1946 жыл, Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысы, Қазақстан) – қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры (1988), Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы (1995), техника ғылымының докторы (1998), профессор (1997), Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.

Орта жүздің Арғын тайпасының Қаракесек руының Таз-Бұлбұл бөлімінен шыққан.

Ресей Федерациясындағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін (1969), Авиация институтын бітірген (1979).

1962-1965 жылы Теміртау құйма-механика зауытында токарь болды, есімі облыстың Құрмет кітабына алтын әріппен жазылды (1964).

1969-1975 жылы Кеңес Одағы Әскери-әуе күштерінің Қиыр Шығыс әскери округінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің орынбасары.

1975-1976 жылы Мәскеу ұшқыштар-сынақшылар мектебін, Мәскеу авиация институтын бітірген (1979).

1976-1992 жылы Мәскеудегі А. Микоян атындағы Тәжірибелік конструкторлық бюросының ұшқыш-сынақшысы міндеттерін атқарды.

1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы Солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады.

1989 жылы 1-болып, авиатасушы крейсердің алаңқайшасына «МиГ-29К» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Сондай-ақ, ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді.

1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынды.

1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал туған аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, сол зиянды аэрозолдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Сондай-ақ, Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспан астрофизика бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті.

1991 жылы 10 қазанда Жерге оралды. Ғарыштан оралған соң Қазақстандағы ғарыштық даярлығын зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты.

1992-1993 жылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1-орынбасары.

1993-1994 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық аэроғарыштық агенттігінің бас директоры – Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары.

1994-1995 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болды.

1996 жылдан Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі.

2001 жылы №44 Қызылорда сайлау округі бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне депутат болып сайланды. Қызылорда қаласының құрметті азаматы.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 12-шақырылым депутаты, ҚР Жоғарғы Кеңесінің 13-шақырылым депутаты, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің 3-ші шақырылым депутаты болып сайланған.

ӘДЕБИЕТ:

1. Жданов, А. Исторический полет / А. Жданов // Казахстанская правда. - 2021. - 4 октября. - №187. - С. 4.
2. Қазақстан ғарышкерлері. 1991-2015 = Космонавты Казахстана = Astronauts of Kazakhstan / Дайынд.: С. Қ. Нұрғалиева, Б. Қанғожин. -

Астана : Фолиант, 2017. – Б.9-14.

3. Макаренко, Л. День, изменивший мир / Л. Макаренко // Казахстанская правда. - 2021. - № 67. - 12 апреля. - С. 2-3.
4. Макаренко, Л. Колыбель мировой космонавтики / Л. Макаренко // Казахстанская правда. - 2022. - 20 декабря. - № 243. - С. 4.
5. Хомс, Н. Космическая эра человечества / Н. Хомс // Казахстанская правда. - 2021. - №71. -16 апреля. - С. 10.



Марфуға Ғалиқызы Айтхожина
–қазақтың жыр аққуы атанған ақын қызы
(25 тамыз 1936 ж.)

Марфуға Айтқожина 1936 жылы 25 тамызда Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесіндегі Құлжа қаласында дүниеге келген. 1956 жылы Құлжа әйелдер педагогикалық гимназиясын бітіріп, содан кейін онда оқытушы болып жұмыс істеді.

Ал 1958 жылы отбасымен бірге КСРО-ға көшіп келді. 1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, ал 1971 жылы – Мәскеудегі Жоғары әдебиет курстарын бітірді. 1961 жылдан 1969 жылға дейін «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан мұғалімі» газеттерінде қызмет етті.

Қазақтың ақын қызы шет жақта өмірге келгенімен Қазақстан оның ата жұрты. Атасы Айтқожа суырып салма ақын, топ жарған шешен, 14 жасынан билік айтқан би болған. Кейін қажыға да барған. Тіпті, оны құрметтеген халық Қапал Арасанды Айтқожа арасан, Айтқожа жайлауы деп атап кеткен. Қазақтың ақын қызының түр-сыпаты да атасына тартқан көрінеді. Ол ұзын бойлы, өңі ақ, сақал-шашы күмістей ағарған, көзі сәл көгілдірлеу кісі болған. Халық Марфуға апайымызды жыр аққуы десе, бауырлары, жақындары Біраға деп атайды екен,

Ақын анамыздың шын есімі Маруа. Қажы атасы Меккеге барған кезде Маруа деген тауды көрген екен. Сонда қарт Айтқожа өмірге қыз бала келсе атын Маруа қойыңдар деп ырымдап, айтып кетіпті. Тіпті, әкесі де Марфуға апайымыздың бала кезіндегі суретінің артына Маруа-Марфуға деп жазып қойған екен. Бұл Құранда биіктік, көтеріңкі шың деген мағынада көрсетілген.

Бала күнінде ата-анасы Мәрпетай деп еркелеткендіктен, бүкіл ауыл да солай атап кеткен екен. Ал, іні-бауырларының бәрі Кіші аға деп атап кетіпті. Оның себебі, кезінде Марфуға ақынның әкесі ел ағасы болғандықтан, оны паналап келгендер көп болыпты. Сол жан-жақтан жиналған адамдар бір отбасы секілді ұйымшыл болып, ауыл құрған екен.

Сонда Марфуға Айтқожина бір ауылда алғаш дүниеге келген бала болыпты. Сөйтіп ата-анасы болашақ ақын қызды ұл бала секілді киіндіріп, 3 жасынан атқа мінгізіп, әлпештеп алдарына алып жүрген екен. Өстіп, ұл бала секілді өскен қазақтың ақын қызын ауылдастарының, бауырларының Кіші аға деп атап кеткені де содан.

Содан да болар Марфуға апайымыз 20 жасқа келгенше аттың үстінде өскен. Ақын өзінің «Қайран Талқы таулар-ай биік неткен» деген өлеңінде айтып өткендей, Марфуға апайымыз аспан тауы, қазақтың Тәңір тауының етегінде өскен.

Марфуға ақынның балалық шағы табиғаты сұлу Талқы тауы, Сайрам көлі, Іле өзені арындап ағып жатқан Құлжа қаласында өтті. Міне, осы керемет сұлулықты, осы бір табиғатты өз көзімен көрген болашақ ақын қыз жас кезінен сұлулыққа құштар болып, таңырқап, таңдай қағып өсті.

Жыр аққуы туып-өскен Сайрам көлінде аққулар көп жүрген екен. Болашақ ақын қыз бала күнінде кешке дейін сол көлдің жағасында жүріп, аққулармен ойнап өсіпті. Тіпті, ақын қыз аққулар ұшып кетпейінше үйіне қайтпай, ойнаған екен. Ал кез келген баланың аққумен ойнамайтынын білген ата-анасы қыздарын аққу секілді болсын деп, аппақ киім киіндіріп ырымдапты.

Ал кейін 1968 жылы Марфуға ақынның кітабы жарық көріп, ақын анамыз Мәскеуде Жазушылар одағына қабылданған кезде жанама атын Аққу деп көрсеткен екен.

Жыр аққуы атанған Марфуға Айтқожинаның бірнеше романстары мен әндері бар. Соның бірі айтулы «Дара тұлға» деген Елбасына арналған туындысы. Оның әні де, мәтіні де Марфуға апайымыздың жүрегінен туған. Оны қазақтың атақты әншісі Шахимардан Әбілов орындап келген болатын. Қаламынан осындай керемет туындылар туған Марфуға Айтқожина халқы үшін өлең жазып, халқы үшін өмір сүріп жүрген жан.

Марфуға апайымыздың өз жұртындағылар мен нағашылары да шетінен өнерлі адамдар болған. Ал ақын апайымыздың Әлия есімді үлкен қызы да анасына тартқан өнерге жақын адам екен. Ол Жұбанов атындағы музыкалық колледжді, консерваторияны бітірген виолончельші. Оның үстіне күйсандықта ойнағанды жақсы көрген.

Марфуға апайымыздың немерелері де өнерден құралақан емес. Олардың өздерінің музыкаға деген ерекше құштарлығы бар. Ал, екінші қызы Жанбота жас кезінде өлең жазыған екен. Қанша жерден ақыл-ойдың адамы, философ болса да қоңырлатып, қоңыр дауыспен әндетіп, гитарада ойнайды.

Марфуға Айтқожина “Аңсау”, “Аққу жүрек”, “Алатаудың Ақ батасы” туындыларында Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін эпикалық

кең тыныспен жырлайды. Оның 60-жылдардан бері бүгінгі күнге дейін жиырма бес жыр жинағы шыққан.

Алғашқы өлеңдер жинағы “Балқұрақ” деген атпен 1962 жылы жарияланады. Кейіннен әр жылдары “Шыңдағы жазу”, “Жастық шақ”, “Аққуым менің”, “Қаракөз айым”, “Баянжүрек”, “Көзімнің қарасы”, “Ақ бесігім”, “Жарқыра, менің жұлдызым”, “Қыран жеткен”, “Таңдамалы”, “Сағыныш сазы”, “Жапырақ сілкінген кеш”, “Аңсау”, “Аққу жүрек”, орыс тілінде “Утверждение”, “Голубые голуби”, “Струна степей”, “Горсть земли”, “Украшение коня”, “Летние росы” өлеңдер жинақтары жарық көрді. Ал бірқатар шығармалары болгар, поляк, венгр, чех, парсы және тағы басқа тілдерге аударылған.

ӘДЕБИЕТ:

1. Айтқожина, М. Көптомдық шығармалар жинағы. Т. 6 : Өлеңдер мен толғаулар / М. Айтқожина. - Алматы : Қазығұрт, 2014. - 400 б.
2. Айтқожина, М. Көптомдық шығармалар жинағы. Т. 7 / М. Айтқожина. - Алматы : Қазығұрт, 2014. - 384 б.
3. Айтхожа, М. Көк тауға қарадым сағым басқан... / М. Айтхожа // Qazaq adebietі. - 2023. - 12 қаңтар.- №1. - Б.16-17.
4. Айтхожина, М. Жылылық керек жүрекке... / М. Айтхожина // Qazaq adebietі. - 2023. - 17 наурыз. - №10-11. - Б. 32.
5. Мұсаев, А. М. Қазіргі қазақ әдебиеті : оқу құралы / А. М. Мұсаев. - Алматы : Эпиграф, 2021. - 284 б.



Ыбырай Алтынсарин
Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы,
этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері
(1841-1889)

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 26 қазанда қазіргі Қостанай облысы, Затобол ауданында дүниеге келген. Әкесінің есімі - Алтынсары, анасы - Айман. Алтынсары өз еңбегімен тіршілік еткен, қарапайым шаруа адамы болған. Ал анасы Айман - арғын руының ішіндегі Шеген деген бидің қызы.

Әкесі Алтынсары Ыбырайдың үш-төрт жасында қайтыс болып кетеді. Сол себептен бала Ыбырай атасы Балғожа бидің тәрбиесінде болады. Балғожа би - өз өңіріне танылған беделді, білімді кісі. Ол ұзын қыпшақ руынан шыққан. Өзі өте текті, күллі әулетті билеп, жол көрсетіп отырған адам болған. Сондай-ақ, ол жалпы шекаралық комиссияда қызмет істеген кісі. Сол себептен де ол немересін орыс мектебіне бергісі келеді.

Ыбырай Алтынсарин жасынан өте ынталы болған. Атасы Балғожа Ыбырайды тойларға, жиындарға өзімен ерте жүріп, немересін іскерлікке, білімділікке, сөз сөйлеу шеберлігіне үйретеді. Ыбырай Алтынсариннің атасымен бірге жүруі өмірі үшін өте маңызды болды. Ал немересінің білімге деген үлкен құштарлығын, ынтасын көрген Балғожа би Ыбырайды Орынборда жаңадан ашылған мектепке 30 баланың біреуі болып береді. Осылайша, ол 1851 жылы қазақ балалары үшін ашылған Шекара комиссиясының жанындағы мектепке жіберілді.

Мектепте оқып жүргенінде Шекспир, Гёте, Байрон, Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Фирдоуси, Низами, Навои және т.б. сияқты әлемдік әдебиет классиктерінің шығармаларын өз бетімен оқып, зерттеді. Сонда жүріп Шекара комиссиясында қызмет еткен шығыстанушы В. Григорьевпен

жақын араласады. Тіпті, Григорьевтің үйіне жиі барып, оның кітапханасын қолданды. Мектепті бітіргеннен кейін 3 жыл бойы (1857-1860) атасының қол астында кеңсе хатшысы, одан кейін Орынбор кеңесінде аудармашы болып жұмыс істеді.

1860 жылы облыстық үкімет Ыбырайға Орынбор бекінісінде (Торғайда) қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашуды тапсырып, оны орыс тілінің мұғалімі етіп тағайындады. Сөйтіп, ол меценаттың қаражатына мектеп ғимаратының құрылысын бастауға кіріседі. Ол мектеп 1864 жылы 8 қаңтарда салтанатты түрде ашылып, 16 оқушы қабылдайды. Кейін мектептің жанында интернат құрылады.

Алтынсариннің мектептегі жұмысы жақсы бағаланды. 1864 жылы 22 қаңтарда Торғай қаласындағы Орынбор бекінісінің басшысы Орынбор мен Самара генерал-губернаторына «ордалықтар ашқан мектептің шынайы қуанышпен және ризашылықпен өткенін» хабарлады. Ал бұл мектептің мұғалімі Алтынсарин туралы: «Алтынсариннің үлгі болатын тәрбиесі мен көрнекі қамқорлығының арқасында мектеп өте жақсы және таза... Қырғыз оқушыларының аз уақыттағы жетістігі қысқа мерзімде жақсы үміт беріп, осындай керемет Торғай мекемесінің жемісін жегізетініне және өздерін ақтайтынына сенімдіміз» делінген.

Алтынсариннің өзі 1864 жылы 16 наурызда: «Қойды қуған аш қасқыр секілді, мен қызу түрде балаларға білім беруге кірістім. Және осы балалар үш айдың ішінде, тіпті орыс және татар тілдерінде оқып-жазуды үйреніп алды. Бір сөзбен айтқанда, бұл жақсылар курс аяқталғанша, 4 жылдан кейін бір нәрсе үйреніп, лайықты сөйлей алатын болады деп үміттенемін. Сондай-ақ, кейін олар жемқор болып шықпас үшін, бар ынта-жігеріммен тіпті олардың моральдық әрекеттеріне де әсер етуге тырысамын» деп жазған.

Алтынсариннің қаламынан білім беру ісіне арналған көптеген туындылар туды. Олардың бірі - 1879 жылы жарық көрген «Қырғыз хрестоматиясы» мен «Қырғыздарды орыс тіліне үйретудегі алғашқы басшылық» атты оқу құралы. 1869 жылы Ыбырай Торғай аудандық әкімшілігіне іс жүргізуші болып жұмысқа кіреді, кейін аудандық бастықтың аға көмекшісі болып қызмет атқарады және уақытша аудандық судья қызметін атқарады. Қызмет ету барысында ол ауылдарға барып, облыс әкімі мен ауыл ақсақалдарының сайлауына қатысты.

Ыбырай сайлау кезінде пара алу, жемқорлық пен қиянатшылыққа жол бермей, әділ шешімнің табысты қабылдануына әсер етті. Ал оған көңілі толмаған байлар облыстық үкіметке, әскери губернаторға, тіпті 1868 жылғы уақытша ережеде көзделген сайлау ережесін бұзды деген айыппен Алтынсариннің үстінен ПМ-не шағым түсіреді. Олар Алтынсаринді болыстық басқармадағы қызметінен алып тастауға тырысты.

Мысалы, 1883 жылы Николаев уезінің Арақарағай болысын сайлау кезінде Ыбырай Алтынсарин өздерін ұсынған 2 байдың орнына үшінші адамды сайлады. Алтынсаринге қатысты шағымдардың бірінде оны «социалист» деп атайды және осы іс бойынша тергеу жүргізілген. Ыбырай

патша саясатына да қарсы шықты. Бұған оның 1880 жылы «Оренбургский листок» газетінің беттерінде шыққан мақаласы дәлел.

1879 жылы Ыбырай Торғай облысына мектеп инспекторы болып тағайындалады. Торғай облысындағы мектептің инспекторы лауазымын алған Алтынсарин Ырғыз, Николаев, Торғай және Илецк уездерінде екі сыныпты орыс-қазақ мектебін ашты және осы мектептерді оқушылар мен оқытушыларға толтырды. Сондай-ақ, ол осы мектептерді жабдықтауға ерекше мән берді. Ол әрбір мектепте кітапханалардың құрылуына көп көңіл бөлді.

«Жинаған 600 рубльге Торғай облысының мектептерінде оқытушылар мен оқушыларға арнап кітапханалар ашқым келеді. Бұл кітапханалардың мақсаты - ондағы кітаптарды тек оқушылар мен мұғалімдер ғана қолданып қоймай, курсты аяқтаған адамдар (оқушылар) мен жалпы сауатты адамдардың оқу құралдарын алуға болатын орындары болса екен деймін», - деген ұлы ағартушы.

Алтынсарин кәсіптік және ауылшаруашылық мектептердің ашылуына үлкен күш жұмсады және жергілікті халықтың арасынан Қазақстанның экономикалық дамуына қажетті мамандар даярлауға айрықша мән берді. Қартайған жылдарында өз қаражатын Қостанайдағы ауылшаруашылық мектебінің құрылысына аударды. Сонымен қатар, ол қыздардың сауаттылығына айрықша мән беріп, олардың білім алуын ұйымдастыруға көп еңбек салды. Оның қолдауымен Ырғыз қаласында қыздар мектебі ашылды. Кейінірек 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қостанайда, 1896 жылы Ақтөбеде қыз балаларға арналған мектеп-интернаттар ашылды.

Жалпы алғанда, Алтынсарин төрт бірдей екі сыныпты орыс-қазақ училищесін, бір кәсіптік училище, бір қыздар училищесін, бес болыстық училище және орыс балаларына арналған екі мектеп ашты. Ыбырай орыс классиктерінің аудармаларында және қазақ тіліндегі түпнұсқа шығармаларында демократиялық ағарту идеалдарын насихаттады. Қазақ әдеби тілін қалыптастыру саласында ұлттық әдебиет пен мәдениетті дамыту үшін жемісті жұмыс жасады. Сондай-ақ, ол Толстой, Ушинский, Крылов секілді орыс жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Оның қаламынан «Қыпшақ Сейіт», «Киіз үй мен ағаш үй», «Асыл шөп», «Шеше мен бала», «Бай мен жарлы баласы», «Таза бұлақ» секілді әңгімелер мен новеллалар туған. Алайда, Алтынсарин өзінің бүкіл дүниетанымындағы бірқатар қайшылықтардан аулақ бола алмады. Барлық ағартушылар секілді, ол да білім берудің әлеуметтік қайта құрудағы рөлін жиі асыра бағалады.

Алтынсарин - жан-жақты білім алған адам. Оның ғылыми қызығушылығы этнографияны да қамтиды. Ол 1868 жылдың наурызында Императорлық орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінде «Орынбор өңірінің құдалық және үйлену кезінде ұстанатын салт-дәстүрі

туралы» атты баяндамасымен сөз сөйледі. Мақала жалпы мақұлдау алып, көп ұзамай газет бетіне жарияланды.

Ыбырай Алтынсарин өмірінің соңғы жылдары Николаевскіде (Қостанай) тұрды. Ол бүкіл ғұмырын ағартушылыққа арнап, ешқашан дүние-мүлікке қызықпаған. Ол тек жеке қаражатынан кішкентай көлдің жағасынан бір қабатты ағаш үй ғана тұрғызып, онда 1889 жылға дейін, қайтыс болғанға дейін қарапайым өмір сүрді.

ӘДЕБИЕТ:

1. Алтынсарин, Ы. Қазақ хрестоматиясы / Ы. Алтынсарин ; [құраст. А. Мұқышева]. – Алматы : Өлке, 2024. – 239 б.
2. Байтенова, Қ. Алтынсарин нұсқаулығындағы педагогикалық талаптар // Егемен Қазақстан. – 2021. – 26 қараша.
3. Мәдібаева, Қ. Қ. Әдеби үдеріс : оқу құралы / Қ. Қ. Мәдібаева. - Алматы : Эпиграф, 2021. - Б. 64-67.
4. Негимов, С. Ұлттың ұлы ұстазы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 19 сәуір.
5. Орынбасарова, Э. А. Педагог этикасы және қарым-қатынас мәдениеті : оқу құралы / Э.А. Орынбасарова. - Алматы : Бастау, 2017. - 216 б.
6. Симонов, С. В. История педагогики : учебное пособие / С. В. Симонов. - Алматы : ТОО "Лантар books", 2023. - 132 с.



Ғабдолла Тоқай
Татардың ұлы ақыны
(1886-1913)

Ғабдолла Тоқай (толық аты-жөні – Ғабдолла Мұхаммедғариф ұлы Тоқаев) (26.4.1886, қазіргі Татарстан Республикасы – 15.4.1913, Қазан) – татар ақыны, публицист.

Татардың жаңа бағыттағы реалистік әдебиеті мен қазіргі татар әдеби тілінің негізін салушы. 1895 жылы Орал қаласына келіп, Мутыгия медресесінде оқыды, орыс класына да қатысып, орысша үйренді. 1902 жылдан жаза бастады.

1905 жылдан «Уралец» газетінің (орыс тілінде) баспаханасында істейді. «Пікір» газетінде, «Әл-ғасыр әл-жадид» («Жаңа ғасыр»), «Оқтар» журналында өлеңдері, публицистикалық мақалалары, фельетондары басылды. Тоқай қалың бұқараның мүддесін қорғаушы, азаттық жыршысы болды.

Оның алғашқы шығармаларында кейбір діни-реформаторлық сарындар ұшырасқанымен, өз тұсындағы революциялық өзгерістерді жырлады («Бостандық туралы», 1905; «Арамтамақтарға», 1906; «Мемлекеттік дума», 1906). Ақын саяси-идеялық жағынан өсіп, татардың саяси көркем поэзиясын биік белеске шығарды, сатиралық, революциялық, азаматтық лириканы дамытты.

Демократияшыл жастардың «Әл-ислах» газетіне (1905-09) қатысты. 1908 жылы Г. Камалмен бірігіп, Қазандағы тұңғыш сатиралық «Яшен» («Жасын») журналын шығарды. 1910 жылдан «Ялт-йолт» («Жалт-жұлт») журналында қызмет етті. Реакция жылдарында революциялық-демократиялық бағытта сатиралық шығармалар жазды.

Оның сатирасы патша өкіметіне, буржуазияшыл-ұлтшылдарға, мұсылман дін басыларына деген өшпенділікке толы болып келеді («Кетпейміз», 1907; «Ұлтшылдар», 1908; «Ауыл жырлары», 1909). Тоқай

еңбекшілердің аянышты ауыр халін асқан шындықпен суреттеді («Заводта», 1910; «Күзгі желдер», 1911; «Дача», 1911; «Боран», 1912).

Гуманист-ақын Тоқай әйелдерді қорғап және оларға азаттық, теңдікті тілеп бірнеше өлең жазды («Татар қыздарына», 1906; «Әйелдер бостандығы», 1909). Біраз лирикалық өлеңдері ғазел түрінде жазылған («Әй, махаббат-ай», 1906; «Егер сен болсаң», 1907).

Тоқай балаларға арнап өлеңдер мен прозалық шығармалар да жазды («Балаға», 1910; «Жұмысқа шақыру», 1911). Кейбір өлеңдері атеистік идеяда жазылған («Бәйіт», 1912; «Езгі», 1911).

Ол А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, А. Н. Майков, А. Н. Плещеев, Я. П. Полонский, А. В. Кольцов, И. С. Никитин, А. К. Толстой т.б. бірқатар шығармаларын татар тіліне аударған. Ақын С. Торайғыров оның «Екі тышқан», С. Дөнентаев «Ібілістің шайтанға айтқаны», Ә. Ғалымов «Сүтке түскен тышқан» т.б. өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Кеңес өкіметі тұсында Тоқайдың шығармалары қазақ тілінде алты рет жеке кітап болып басылды.

ӘДЕБИЕТ:

1. Біздің Тоқай // Рысбеков Т. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы.- 2014.- 347-354 б.
2. Габдулла Тукай : Энциклопедия / гл.ред. З. З. Рамеев, 2016. - 864 с.
3. К 135-летию Габдуллы Тукая // Приуралье. - 2021. - 4 мая. - №36. - С.8.
4. Разваров, Г. Габдулла Тукай - народный поэт / Г. Разваров // Приуралье. - Уральск, 2022. - 28 апреля. - №49. - С.16
5. Разваров, Г. Издан трехтомник о Тукае / Г. Разваров // Приуралье . - 2022. - №72. - 21 июня.- С.12.
6. Рысбеков, Т. З. Тарихи тұлғалар : уақыт және өмір жолдары / Т. З. Рысбеков. - Алматы : [б. и.], 2014. - 528 б.
7. Саматұлы Нұрлан. Орал - Тоқай поэтикасының отаны / Н. Саматұлы // Ислам және Өркениет. – 2018. - 16-30 маусым. - №12. – Б. 5.
8. Тоқай әлемі: философия, эстетика, тіл : Халық. ғыл.-тәжір. конф. мат. 20 мамыр 2016 жыл / құраст.: Р. А. Абузьяров, Қ. Т. Утегенова; ред. А. С. Иманғалиев, 2016. - 269 б.
9. Түрік тілді халықтар тарихындағы Ғабдолла Тоқайдың орны : халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 2013. - 297 б.
10. Уральский мир Тукая // Пульс Puls. - 2021. - 29 апреля. - №15. - С.8.



Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

Қазақстанның көне музейлерінің бірі - Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі 1836 жылы құрылды. Музей орналасқан ғимарат 1879 жылы мавритан стилінде салынған сәулет ескерткіші болып табылады. Бүгінгі таңда Орал қаласы мен облыс аудандарында музейдің филиалдары халыққа қызмет көрсетуде.

Олар:

- қаланың көне тарихынан мәлімет беретін Е. Пугачев музей-үйі;
- суретші С. Ғұмаров музейі;
- орыс әдебиетінің классигі А. С. Пушкин музейі;
- Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музейі;
- Табиғат және экология музейі;
- Сырым Датұлы атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейі (Сырым ауданы);
- Мұхит Мералиев атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейі (Қаратөбе ауданы);
- Дина Нұрпейісова атындағы өнер музейі (Жаңақала ауданы);
- Көктерек ауылдық тарихи-өлкетану музейі (Казталовка ауданы);
- Ақпәтер ауылдық тарихи-өлкетану музейі (Казталовка ауданы).

Облыстық тарихи-өлкетану экспозициялық залдары: археология; ортағасырлық Алтын Орда кезеңі және Жайық қалашығының пайда болуы; Кіші жүз тарихы; Бөкей Ордасы тарихы; Кеңестік дәуір кезеңінің тарихы; Батыс Қазақстан облысының білім мен ғылым, өнер мен мәдениет салаларының даму тарихы; этнография; Қазақстан Республикасының тәуелсіздік тарихы.

Палеолит және қола дәуірінің жәдігерлері арасынан ерекше көзге түсетіні ерте қола дәуіріндегі андронов мәдениетінің ескерткіштері: тас құралдар, қола балталар, қыш ыдыстар және басқа да тұрмыстық заттар.

Батыс Қазақстан облысы көлемінде қоныс тепкен сармат-савромат тайпаларының (б.д.д. V-VIII ғғ.) тарихына қатысты жәдігерлері ерекше қызықтырады. Олар: күміс фаларлар, күміс түтік, алтын зергерлік бұйымдар, тұрмыстық заттар, ер-тұрманның қосалқы заттары, қару-жарақтар және т.б.

Алтын Орданың құрылуы сауда, халықаралық қатынастардың дамуын, орталықтанған билік идеясының өріс алуын қамтамасыз ететін біртұтас саяси жүйенің қалыптасуына себепші болды. Еліміз егемендік алғанынан бері облысымыздың ең ірі ғылыми жаңалығы болған – Орал қаласынан 12 шақырым қашықтықта орналасқан XIII-XIV ғғ. іргетасы қаланған «Жайық» қалашығының ашылуы. Қала орнынан табылған тұрмыстық, құрылыс заттары, нумизматиканың үлгілері көрермен назарына тарихи дәйек ретінде ұсынылған.

Біздің жыл санауымыздың VII ғ. басында қалыптасқан ислам діні туралы да мәлімет алып, ислам дінінің ең негізгі қасиетті «Құран» кітабын көресіз. Кіші жүз зал экспозициясында Қазақ хандығының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасу тарихы баяндалады. Сізге қазақтың үш жүзінің тарихымен бірге Кіші жүздің шежіресі тарқатылады. Үлкен сұранысқа ие болған, атақты Кузнецов фарфор зауытының түпнұсқалық заттарын және қала тұрғындарының тұрмыстық заттарын да көресіз.

Бөкей хандығының тарихы залының экспозициясы арқылы Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгір билік құрған кездегі дала реформаторының: қазақ халқын отырықшылық тұрмысқа көшіру, Орда қаласының негізін салу, қазақ даласында қазақ балалары үшін алғашқы мектепті ашу, саудалық қарым-қатынастарды орнықтыру сияқты игілікті істерімен танысасыз.

Бөкей Ордасы әйгілі ағартушы, ғалым, өнер қайраткерлерінің кіндік қаны тамған киелі мекен. Бөкей топырағында дүниеге келіп, есімдері алты алашқа белгілі болған Құрманғазы Сағырбайұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Дина Нұрпейісова, Сейтек Оразалыұлы және т.б. өнер тарландары туралы тың деректермен танысасыз.

Кіші жүз тарихы залында Қазақ хандығының XVIII ғасырдың басындағы ішкі және сыртқы жағдайымен таныстырып, «Аңырақай шайқасы» картинасы қазақ халқының Жоңғар хандығына қарсы күресін суреттейді. 1783-1797 жж. Сырым Датұлы және 1836-1838 жж. Махамбет Өтемісұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық күресі туралы да тереңірек мәліметтерді мұрағаттық құжаттар арқылы білетін боласыз.

Кеңестік кезең зал экспозициясынан Сіз XIX ғ. соңы - XX ғ. басынан бастау алатын қазақ зиялыларының Ресейдің отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған Алаш қозғалысымен, Алаш партиясының, Алаш Орда үкіметінің құрылуына негіз болғанына мұрағаттық құжаттар арқылы куә боласыз. Жаһанша және Халел Досмұхамедовтар, М. Ниязов, Б.

Юсупкалиев және т.б. алаш зиялыларының саяси-қоғамдық, ғұмырнамалық жолдарымен таныса аласыз.

70 жыл дәурен құрған Кеңестік кезеңнің ерекше тарихи оқиғалар тізбегі Сіздің көз алдыңыздан зал жәдігерлері арқылы өтеді. 1937-38 жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарының фотосуреттері, құжаттары, жеке заттары көрермен назарына ұсынылып отыр. Батыс Қазақстан облысы бойынша соттан тыс органдарының «ерекше» мәжілістерінің шешімдерімен 4000 адам сотталған.

1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдарына арналған экспозицияда майданға біздің өңірден қатысқан жауынгерлер, Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің суреттері, хаттары, майдан даласында тұтынған заттары қойылған. Елімізге танымал Тайыр Жароков, Хамза Есенжанов, Жұбан Молдағалиев, Қадыр Мырза Әлі сияқты атақты қаламгерлердің ұстаған заттарын, пайдаланған бұйымдарын көзіңізбен көріп, олардың шығармаларынан нәр аласыз.

Сахна саңлақтары Хадиша Бөкеева, Роза Жаманованың, Ақ Жайықтың Ақ Шағаласы атанған ақын Ақұштап Бақтыгерееваның сахналық киімдерін тамашалап, олар туралы сырлы әңгіме тыңдай аласыз. Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің тарихы мен Жайық өңірінде дара туған әнші, сазгер Ғ. Құрманғалиев, Е. Хасанғалиев сынды өнер иелерінің өмірі мен шығармашылық жолы туралы толық мәлімет аласыз.

ЕСІМДЕРДІҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ

А

Абылай хан 28, 62
Ағелеуов Е. 29, 57
Айталиев Е. 38
Айтхожина М. 31, 79
Айтхожина Н. 22
Акопян К. 23
Ақбаров Ә. 19
Ақылбайұлы Ә. 41
Алдамжаров Б. 25
Алекторов А. 40
Алимбаева Г.Б. 21
Алтынсарин Ы. 35, 82
Аманжолов Қ. 34
Анов Н. 38
Аравин Ю. 25
Арынбасарова Н. 33
Асылбеков А. 41
Ахмедиярұлы Қ. 24
Ахметова К. 26
Ахонова Г. 34
Ашрапов А. 26

Ә

Әбдірахманов Т. 35
Әлжанова Б. 29
Әубәкіров Т. 30, 33, 77
Әукебаев Е. 38

Б

Бабенко О. 20
Байжанұлы С. 39
Базанова Н. 35
Бальмонт В. 22
Бекмұхамбетова С.Б. 20

Бекмұхамедова Х. 27
Бектұров Ә. 38
Бозбаева А.Ғ. 35
Бородин Н. 36
Бөкейханов Ә. 23, 41
Бөкейханов Ғ-Х. 23
Бурахта А.Н. 31

Г

Гаев Н. 30
Герт Ю. 21
Гиззатова А. 38

Ғ

Ғабдиев Р. 21

Д

Даль В.И. 36
Даришева Т. 33
Дәулетбаев М. 41
Дегетаева Л.Д. 19
Джанбаева Г.С. 22
Диваев А. 38
Днекешева Г.Б. 30
Дүйсекеев К. 21
Дінішев Ә. 30

Е

Ерғожин Е. 35
Ержанов М. 23
Ержанова Ұ.Р. 36
Ермеков Ә. 28
Есенғұлов Ғ.Қ. 27
Есқалиев Н.И. 32
Есламғалиұлы М. 22

Ж

Жабаев Ж. 22, 68
Жалил М. 21
Жанатайұлы К. 40
Жәңгір хан 39
Жексенбаев Ш. 22
Жигалин Н. 36
Жиенбаев С. 27
Жұбанов А. 26
Жұмаділов Қ. 26
Жұртбай Т. 31

З

Зверев М. 37
Зиманов С. 22

И

Искакова Б. 31
Исмаилов Е. 42
Испулова Р. 33
Иткинд И. 26

К

Калмыков С. 34
Карелин Г. 20
Карпов А. 41
Кенжеғалиев С.Е. 34
Кирабаев Т. 41
Клаус К. 20
Клочков В. 23
Коротин Е. 24
Көпенұлы Б. 40
Кудерин Ж. 41
Кужабергенова Х. 30
Кульпин С.П. 32

Қ

Қажымов Қ.Қ. 24
Қалтаев Б. 22
Қанапьянов Б. М. 34
Қараш Ғ. 25
Қашқынбаев И.Т. 32
Қожақұлұлы Қ. 39
Қожамқұлов С. 27
Қожахметова М. 21
Қозыбаев М. 36
Құнанбаев А.А. 41
Құрманалина Ш. Х. 34

М

Мақатаев М. 21
Масанов Э. А. 36
Медоев Ғ. 29
Мендалиева Д. 20
Меңдіғалиев Н. 28
Мендікеұлы Ш. 40
Момышұлы Б. 33
Мукашева З.У. 30
Мусин Қ. 19
Мусин Ж.Б. 21
Мухамбеткалиева Ф.К. 28
Мұңайтпасұлы Қ. 25, 71
Мұсабаев Т. 19, 60
Мұхамедғалиев Ф. 35
Мұхамедханов Қ. 19
Мынжасарова Г.А. 29
Мышбаев Н. 23

Н

Назарбаев Н. 37
Назарбаева С. 21
Нарымбетов С. 23
Нәбиуллин Ж. 37
Ноғайбаев Ы. 27

Нургазин М.С. 20
Нұрғалиев Қ.А. 37
Нұрғалиева А. 20
Нұрмұхамедұлы Ж. 40
Нұрпеисова Д. 19, 58

О

Оразалинов С. 27

Ө

Өзбекәлі Ж. 31
Өмірзақова Л.Қ. 24
Өтегенов И. 38
Өтекешова М. 22
Өтешева З.Б. 26

П

Паллас П.С. 33
Петренко А. 29

Р

Рақым Т. 32
Рақышев А. 26
Рамазанов С. 36
Рахымжанов Т. 25
Рычков Н.П. 39

С

Салов В. 36
Сапарбай И. 28
Сарай С. 39
Сариев Ш. 26
Сарсенова Б. 29

Сәрсекеев М. 19
Сдыков М.Н. 19
Сейсенбаев Р. 34
Сейітжанұлы З. 28
Сейітқұлұлы Ж.Б. 39
Сейітімов А.Ғ. 27
Селезнев А. 36
Серикова Л.С. 35
Скоробогатов В. 25
Смайыл А. 33
Сматаев С. 28
Сүлейменов О. 28, 73
Сырым Ж. 28

Т

Тайманов И. 27
Тарасенко Е.И. 32
Тәніпбергенұлы Ә. 40
Темір Ә. 39
Тоқай Ғ. 26, 86
Тоқтарбаев Р. 41
Төлешов С. 41
Тұрғынбеков С. 23

Ү

Үмбетей жырау 39

Ф

Файзуллина Ә.Е. 21

Х

Хажгалиева Г.Х. 24
Хамиди Л. 30
Хасанов Ғ. 25
Хасенов М. 37

Ш

Шандозтеги А.Т. 34

Шарабасов С. 31
Шарафутдинов З.Г. 33
Шаханұлы Б. 35
Шашкова Л. 37
Шәріпова З. 32
Шоңғараұлы С. 39
Шыршығұлұлы Н. 40

Ы

Ықсанов М. 24, 54
Ықтымбаев Н. 27

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| 2026 жыл ҚХР мен Орталық Азия елдерінің білім және ғылыми зерттеулер жылы ретінде жарияланды..... | 4 |
| 2026 жыл денсаулық сақтау жылы болып жарияланды..... | 5 |
| БҰҰ 2026 жылды жариялады халықаралық еріктілер жылы..... | 6 |
| БҰҰ 2026 жылды халықаралық жайылымдық жерлер мен жайылымдық мал өсірушілер жылы деп жариялады..... | 7 |
| Алғашқы «достастық жәрмеңкесі» Қазақстанда 2026 жылы өтеді..... | 8 |
| Өңірлік экологиялық саммит 2026 жылы Қазақстанда өтеді..... | 9 |
| ЮНЕСКО 15 желтоқсан – түркі тілдері отбасының дүниежүзілік күні деп белгіледі..... | 10 |
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ұлттық мейрамдары..... | 11 |
| Кәсіби мерекелер мен аталып өтілетін күндер..... | 11 |
| 2026 жылы атап өтілетін және еске алынатын айтулы күндер тізбегі..... | 19 |
| Айы мен күні белгісіз тарихи оқиғалар..... | 39 |
| Қазақ жазушылардың меретой кітаптары..... | 45 |
| Шетелдік жазушылар мен ақындардың мерейтойлық кітаптары..... | 47 |
| Мерейтойлық күндерге қысқаша өмірбаяндық анықтама..... | 54 |
| Ықсанов М.Б..... | 54 |
| Ағелеуов Е..... | 57 |
| Нұрпейісова Д..... | 58 |
| Мұсабаев Т..... | 60 |
| Абылай хан..... | 62 |
| Жабайұлы Ж..... | 68 |

| | |
|--|----|
| Мұңайтпасұлы Қ..... | 71 |
| Сүлейменов О..... | 73 |
| Әубәкіров Т..... | 77 |
| Айтхожина М..... | 79 |
| Алтынсарин Ы..... | 82 |
| Тоқай Ғ..... | 86 |
| Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі..... | 88 |
| Есімдердің алфавиттік көрсеткіші..... | 91 |